

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина,  
Р. С. Рахметова, А. Н. Юсуп

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

## БӘЙШЕШЕК

ОҚУЛЫҚ

6-сынып

1-бөлім

Рекомендовано  
Министерством образования и науки  
Республики Казахстан

**Все права защищены.**  
Незаконное  
распространение и печать  
преследуются по Закону  
об авторском праве (ст. 198  
УК РК от 100 МРП до 7 лет  
лишения свободы)

Көкжиек-Горизонт  
2018

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз-922  
Қ17

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина,  
Р. С. Рахметова, А. Н. Юсуп

Қ17 Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек. Оқулық. 1-бөлім. Қазақ тілінен басқа тілде оқығатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған. / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, А. Қ. Рауандина ж. б. — Алматы: Көкжиек-Горизонт, 2018. — 144 б.

ISBN 978-601-7832-67-4

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-67-4 (1-бөлім)  
ISBN 978-601-7832-68-1 (жалпы)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2018

## Құрметті жас дос!

Құрметті жас дос! Міне, бүгін қазақ тілін меңгерудің келесі сатысына аяқ басып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша «Бәйшешек» оқулығын қолыңа алып отырсың. Сен биыл 5-сыныптағы «Бәйшешек» оқулығы бойынша алған біліміңді әрі қарай жалғастырасың. Ерте көктемде қарды жарып шығатын бәйшешек секілді сен де барлық қиындықты жеңіп, өз еліңнің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін – қазақ тілін меңгересің. Бұл сыныпта қазақ тіліндегі әртүрлі қызықты ақпараттармен танысасың, сөздік қорың байиды. Әр алуан тапсырмаларды орындау арқылы өз ойыңды, пікіріңді айтуға үйренесің, тағылым аласың. Атап айтқанда, «Отан отбасынан басталады», «Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі», «Таулар сыры» тақырыптарында өзің өмір сүріп отырған ортадағы әртүрлі мәселелерге байланысты ойыңды білдіруге дағдыланасың. Ал «Қуат көзін үнемдей білеміз бе?», «Қазақстан қорықтары», «Жер байлығына аяулы көзқарас» «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада» және «Өлкені сипаттау өнері» тақырыптары туған жеріңді қадірлей білуге шақырады. «Олимпиада жеңімпаздары — Қазақстан мақтанышы», «Қазақстан және Ұлы Жібек жолы», «Абайды оқы, таңырқа!», «Қазақтың ұлттық қолөнері», «Астана — мәдениет пен өнер ордасы» тақырыптары бойынша берілген оқу материалдары еліңнің патриоты болуға үйретіп, отаншылдыққа баулиды. «Болашақтың мамандығы», «Саяхат және туризм» тақырыптары болашақ өміріңді жоспарлауға көмектеседі, бағыт-бағдар береді.

«Бәйшешек» оқулығы бойынша әдеби шығармаларды оқу арқылы да әдеби тілде сөйлеуге дағдыланасың. Қазақтың ұлы ақыны А. Құнанбайұлының, атақты ғалым Ш.Уәлихановтың, М. Жұмабаевтың өмірімен танысасың. Ақиық ақын М. Мақатаев өлеңдеріндегі, О.Бөкеев шығармасындағы қазақтың ізгі дәстүрінен хабардар боласың. Әлемге танымал қазақ жазушысы М. Әуезов пен қырғыз қаламгері Ш. Айтматовтың дүниежүзі халықтарының көптеген тілдеріне аударылған белгілі романдарынан үзінділер оқисың. Сондай-ақ тарихи шығармалар жазған Б. Әбілдаұлының, балалар ақындары — М. Әлімбаев, Ә. Дүйсенбиев, Ө. Тұрманжановтардың өлеңдерінен тәлім-тәрбие аласың. Атақты геолог ғалым — А. Машановтың фантастикалық шығармалары қиялыңды дамытып, ойыңды өсіреді.

Міне, жас дос, сені осындай қызықты да мазмұнды «Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек» оқулығы асыға күтеді. Білім жолындағы сапарың сәтті болсын!

# 1 Отан отбасынан басталады

М. Әуезов «Абай жолы»  
«Қайтқанда» тарауы (үзінді)

## ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

- мәтіндерді тыңдай отырып, тақырыпты, сабақта көрсетілетін мәселені болжай білуді;
- тірек сөздердің көмегімен тыңдалған мәтіндегі негізгі ойды анықтауды;
- берілген тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтау үшін айтылатын сөз орамдарын орынды жұмсауды;
- сөйлеу барысында интонациялық ерекшеліктерді сақтай білуді;
- мінездеме жазуды, түрлі ақпаратты салыстыруды;
- ұсынылған тақырып бойынша постер жасауды;
- мәтіндегі деректі және дерексіз зат есімдерді, көптік мәнді есім сөздерді ажырата білуді, оларды дұрыс қолдануды **үйренесің**.

1-2-  
сабақтар

## «Отбасы күнін» тойладық

### ЖАҢА СӨЗДЕР



*бір-бірімізге, ағайын,  
туыс, береке,  
отбасылық, шағын*

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

#### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Төмендегі суреттерге қарап, отбасымен атап өтетін мейрамдардың тізімін жаз. Сұрақтарға жауап бер.

- Отбасыңда неше адам бар?
- Қандай отбасылық мейрамдарды атап өтесіңдер?
- Саған мейрамды отбасымен өткізген ұнай ма?
- Отбасыңда туыстармен атап өтілген бір шағын мейрам туралы әңгімеле.



## ТІЛДІК БАҒДАР

### Деректі және дерексіз зат есімдер

Көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын заттардың атын білдіретін сөздерді **деректі зат есім** деп атаймыз. Мысалы: *кітап, мектеп, дос, су, нан, дәптер, қалам* және т. б.

Көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін заттардың атын білдіретін сөздерді **дерексіз зат есім** деп атаймыз. Мысалы: *ақыл, ой, бақыт, арман, білім* және т. б.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Мәтіннен деректі және дерексіз зат есімдерді тауып жаз. «Отан» сөзінің синонимін тап.

### Мен

Халқымыздың сенімі —  
Жақсылардың серігі.  
Күрестерде шыныққан  
Ағалар мен көп іні.

Әнмен алға аттаған,  
Ар-намысты сатпаған.  
«Жеткіншегім менің!» — деп,  
Ағаларым мақтаған.

Туған елім — бай далам,  
Даламда еңбек қайнаған.  
Ұланымын Отанның  
Қиындықтан таймаған.

Мен — елімнің күлкі, әні,  
Болашағы, нұр таңы.  
Ерліктерге бастаған  
Бабалардың ұрпағы —  
Ұланымын елімнің!

Фариза Оңғарсынова

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Біз жылда «Отбасы күнін» шағын мейрам ретінде атап өтеміз. «Отбасы күні» қыргүйек айының екінші жексенбісінде болады. Бұл күні отбасы мүшелері, ағайын-туыс үйге жиналады. Біз бір-бірімізге сыйлықтар береміз. Осылайша, бір-бірімізге қуаныш сыйлаймыз. Әкем анам мен әкеме гүлшоқтар береді.

Анам мерекелік дастарқан жаяды. Мен суретке түсіремін. Отбасылық мереке қызықты өтеді. Атам: «Отан отбасынан басталады. Отбасын жақсы көретін адам Отанын да жақсы көреді», — дейді. Әкем — отбасының тірегі, анам — отбасының берекесі. Ағайын-туыстарымыз — біздің жақын адамдарымыз.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын көрсет. Мәтіндегі деректі және дерексіз зат есімдерді тауып, сұрақ қой.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Біз «Отбасы күнін» атап өтеміз.		
«Отбасы күні» қазан айында болады.		
«Отан отбасынан басталады», — дейді атам.		
Отбасы мүшелері мен туыстар жиналады.		
Бір-бірімізге сыйлықтар береміз.		

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Сөздер мен сөз тіркестерін мағынасына қарай байланыстырып жаз. Деректі зат есімдерді тап.

«Отбасы күнін»	жиналады.
Отбасы мүшелері, туыстар	атап өтеміз.
Суретке	отбасының берекесі.
Бір-бірімізге қуаныш	түсіремін.
Әкем гүлшоқтарды	сыйлаймыз.
Анам –	тарту етеді.

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** «Сыйла», «суретке түс», «ұйымдастыр» сөздерін жекеше, көпше түрде жікте.

Үлгі:

жекеше:		көпше:	
1-жақ	Мен сыйлаймын	1-жақ	Біз сыйлаймыз
2-жақ	Сен ... Сіз ...	2-жақ	Сендер ... Сіздер ...
3-жақ	Ол ...	3-жақ	Олар ...



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер. Мәтіндегі дерексіз зат есімдерді тап.

1. Мәтіннің кейіпкері — кім?
2. Оның анасы, әкесі — кім?
3. Олар «Отбасы күнінде» не істеді?

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Көп нүктенің орнына жіктік жалғауын жаз. Қай жақта тұрғанын анықта. Сөйлемдердегі деректі және дерексіз зат есімдерді тап. Біз жылда «Отбасы күнін» атап өте... . «Отбасы күні» отбасы мүшелері мен туыстар үйге жинала... . Біз бір-бірімізге сыйлықтар бере... . Отбасылық мерекеде бір-бірімізге қуаныш сыйлай... .

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Ата-анаңды не туысыңды «Отбасы күнімен» құттықтап, ашықхат жаз.

**10-тапсырма.** «Отан» сөзіне синквейн (бес жолды өлең) дайында.

**Бес жолды өлеңнің құрылымы:**

1. тақырыпқа қатысты **бір** зат есім;
2. бірінші зат есімге қатысты **екі** сын есім;
3. бірінші зат есімге қатысты **үш** етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп, толықтыратын **төрт** кілт сөз;
5. **бір** зат есім-метафора (бірінші жолдағы зат есімге назар аударатындай).

## КЕЛ, ЖАТТЫҒАЙЫҚ!

Қалсын апам қуанып  
Апамызды сыйлайық,  
Үйдің ішін жинайық,  
Бұрынғыдай егесіп,  
Ерегісіп тұрмайық.

Қалмау үшін керісіп,  
Кел, алайық келісіп.  
Атқарайық үйдегі  
Жұмысты тең бөлісіп.

*Совет Әлімқұлов*

## ЕСТЕ САҚТА!

Әкем — отбасының тірегі, анам — отбасының берекесі. Біз «Отбасы күнін» атап өтеміз. «Отбасы күні» қыргүйек айының екінші жексенбісінде болады. Атам: «Отан отбасынан басталады», — дейді.

# Әке көрген оқ жоңар ...

3-4-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*еркеле, тәрбиеле, жауапкершілік,  
намыс, шыда, үйлен, жасырын*

## ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

**1-тапсырма.** Сөздікке сүйеніп, берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықта. Оларды қатыстырып сөйлем құрап жаз. Шексіз махаббат, тыңдау, тырысу, ұрлық жасамау, аяулы әкетайым, отбасы бақыты, құрақ, сыншы, тәрбиелеу, жауапкершілік, үйлену.

## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** 1-тапсырмадағы сөздердің ішінен деректі және дерексіз зат есімдерді бөліп жаз.

деректі зат есім:	дерексіз зат есім:

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мақал-мәтелдердің мағыналарын түсіндір. Дерексіз зат есімдерді тап.

1. Әке — асқар тау,  
Ана — бауырындағы бұлақ,  
Бала — жағасындағы құрақ.
2. Әке — балаға сыншы.
3. Әкеден — ақыл,  
Анадан — мейірім.
4. Отан оттан да ыстық.
5. Отансыз адам — ормансыз бұлбұл.



## АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақта әкені неге «отағасы» деп атайды? Ойыңды айт.
2. «Әке мен баланың арасындағы сыйластық» дегенді қалай түсінесің?

## ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 5-тапсырма. Мәтінді оқы.

Аяулы әкетайым, мен сіздің жүзіңізден шексіз махаббат **көрдім**, сізге ерекше еркеледім.

Сізді мақтан етемін, құрметтеймін. Менде өзіңізге деген сенім **қалыптасты**. Сізден жауапкершілікті үйрендім. Бізді: «Үлкендерге сәлем беріңдер», «Қолында ауыр заты болса, көмектесіңдер», «Өтірік айтпаңдар!», «Ұрлық жасамаңдар!», «Намысты болыңдар!», «Қиындыққа шыдаңдар!» «Жасырын, жаман істен аулақ болыңдар!» — деп, тәрбиеледіңіз.

Сізді қатты сағындым, аяулы әкем!

## АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін кімнің атынан жазылған?
2. Мәтінде автордың қандай сезімдері көрінеді?
3. Әке мен бала арасындағы қандай қатынас байқалады?
4. Мәтін неге өткен шақта баяндалған? Ойыңды дәлелде.
5. Әкенің айтқан сөздерінің мағынасын қалай түсінесің?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтіндегі деректі және дерексіз зат есімдерді бөліп жаз. Олардың мағынасын түсіндір.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Үлгіге қара. Мәтіндегі қою қаріппен берілген етістіктерді болымсыз етістікке айналдырып жаз. Кестені толтыр. Олардың қалай жасалып тұрғанын түсіндір.

№	болымды етістік:	болымсыз етістік:
1	көріппін	көр+ме+п+пін, көрген жоқпын, көрген емеспін
2		

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтінге тақырып қой. Ол тақырыпты неге таңдағаныңды түсіндір. Мәтінді өз сөзіңмен баянда.



## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** «Әке — асқар тау» тақырыбында ой бөлісіңдер. Жаңа сөздерді қолданыңдар.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС




## ТЫҢДАЛЫМ

**11-тапсырма.** Әнді тыңда. Жатта.

## ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Кластер құра.



## ЕСТЕ САҚТА!

Бала кезімізден бізге:  
«Үлкендерге сәлем беріңдер», «Қолыңда ауыр заты болса, көмектесіңдер», «Өтірік айтпаңдар!», «Ұрлық жасамаңдар!», «Кешірімді болыңдар!» — деуші едіңіз.

# Ана көрген мон кішер

5-6-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*нағашы, сезімтал, пікірлес, өнеге, тіле*

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сөздіктің көмегімен сөздердің мағынасын анықта.

Ұрысу/ұрыспау, әңгімелесу, сырласу, пікірлесу, тыйым салу, ренжу/ренжімеу, бақытты сезіну, тілеу.

## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Ана туралы 3 мақал-мәтел жаз. Дерексіз зат есімдерді тап.

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. «Ананы сыйлау» дегенді қалай түсінесің?
2. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деген сөзбен келісесің бе? Неге?
3. Анаңның туыстарын «нағашы» дейді. Нағашыларың туралы не айтасың?

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Көптік мәнді есімдер

Затты жеке атамай, тобымен атайтын зат есімдер **көптік мәнді есімдер** деп аталады. Көптік мәнді есімдерге көптік жалғауы жалғанбайды.

Көптік мәнді есімдерге мынадай зат есімдер жатады:

1. Сұйық заттардың атаулары: *айран, шай, тұздық* т. б.
2. Газ тектес заттардың аттары: *азон, бу, түтін, тұман* т. б.
3. Ұсақ, ұнтақ заттардың атаулары: *ұн, шаң, шаш, кірпік, жиде, алыш* т. б.
4. Дерексіз ұғымдарды білдіретін заттардың атаулары: *алғыс, ақыл, сүйеніш, өнеге* т. б.
5. Табиғи бөлшектенбейтін заттардың атаулары: *алтын, қола* т. б.
6. Табиғат құбылыстарының атаулары: *боран, жаңбыр, қар, жел* т. б.

**Ескерту:** жұп болып келетін зат есімдерге де (*аяқ, көз, құлақ, етік, байпақ, кебіс, бәтеңке, шаңғы* т. б.) көптік жалғауы жалғанбайды.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Көптік мәнді есім сөздерді тап. Өз анаңды сипаттап жаз.

Бұл кісі — менің анам. Оның жүзі жылы, жүрегі жұмсақ. Анам мейірімді, үнемі күліп қарайды. Орта бойлы, шашы ұзын. Ол сезімтал. Мен анамның ақылын тыңдаймын, өнегесін үйренемін.

## ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 5-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Менің анам — әлемдегі ең асыл жан. Анам екеуіміздің арамызда бір құдіретті күш бар. Ол «мейірім» деп аталады.

Мен гүл болсам, анам — сәулесін төккен күн. Мен сол сәуледен жылу аламын. Мен тамшы болсам, ол — теңіз. Мен сол теңізде тербелемін. Мен құрақ болсам, ол — мөлдір бұлақ. Мен сол бұлақтан нәр аламын.

Біз анам екеуіміз кез келген мәселе жөнінде пікірлесеміз. Ол өте сезімтал. Анам менің адам болғанымды тілейді. Анамнан өнеге аламын.

Демалысымызды ақылдасып, бірге жоспарлаймыз. Бұл маған үлкен жауапкершілік артады.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Жоспардағы әр тақырыпшаның тұсына тірек сөздерді жаз. Сол сөздерге сүйеніп, мәтінді мазмұнда. Көптік мәнді есімдерді анықта.

## ОҚЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Жақшаның ішінен қажетті сөздерді таңдап, сөйлемдерді толықтырып оқы. Деректі зат есімдерді тап.

Анамның бойындағы барлық қасиет маған (ұнайды, ұнамайды, қалайды, қаламайды). Анам екеуіміздің арамызда көзге (көрінбейтін, көрінетін, айтылатын, айтылмайтын) құдіретті күш бар. Біз анам екеуіміз кез келген мәселе жөнінде (айтамыз, пікірлесеміз). Анам маған (өнеге, құрмет) көрсетеді.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтін бойынша ойыңды қорытып, жаз.

**Тірек сөздер:** сезімтал, өнеге, пікірлес, тіле.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Кері қайтала!» ойыны. Ортаға екі оқушы шықсын. Мәтін мазмұнына сүйеніп, бір оқушы құрамында кемінде екі етістік (бірі — болымды, бірі — болымсыз етістік) бар сөйлем айтсын. Екінші оқушы соны қайталасын, бірақ етістіктерді кері айтсын.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Синквейн немесе бес жолды өлең құрастыр.

1. Тақырыпқа қатысты **бір** зат есім (кім? не?);
2. бірінші зат есімге қатысты **екі** сын есім (қандай?);
3. бірінші зат есімге қатысты **үш** етістік (не істеді/істейді?);
4. бірінші зат есіммен **төрт** сөзден тұратын сөйлем.
5. Ол – кім?

## ТЫҢДАЛЫМ

**11-тапсырма.** Әнді тыңда. Жаттап ал.



## АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** «Біз анамызды қалай сыйлаймыз?» тақырыбында пікір алысыңдар. Ол үшін ақылдаса отырып, талданатын 5 сұрақты белгілеңдер. Оларды ретімен жазыңдар. Регламент белгілеңдер. Араларыңнан жүргізуші сайлаңдар.

## ЕСТЕ САҚТА!

Анам — өте сезімтал адам. Анамнан өнеге аламын. Анам екеуіміз жиі пікірлесеміз. Жұмыстарымызды бірге жоспарлаймыз. Ол маған жауапкершілік жүктейді. Ол менің адам болғанымды тілейді. Анамның бауырлары — нағашыларымды сыйлаймын.

# Ата-анамды үлгі тұтамын

7-8-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

қатал, қолда, түсін, үйрет,  
өзімшіл, ескер

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Онда кім туралы айтылған? Деректі зат есімдерді тап.

«Бала!», «Бала!», «Бала!» — деп,  
Түнде шошып оянған.  
Түн ұйқысын төрт бөліп,  
Түнде бесік таянған.  
Сенің асыл тірегің,  
Мейірімді жүрегі.  
Ойлап ылғи қамыңды  
Қамқорың боп жүреді.  
Ол — кім?

### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суретке қара. «Ана мейірімі» деген тақырыпта шағын мәтін құра. Мәтінде деректі, дерексіз зат есімдер мен көптік мәнді есім сөздерді қолдан.



### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Оқы.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### Ата-анамды үлгі тұтамын

Менің атым — Әнел. Мен алтыншы сыныпта оқимын. Біздің отбасымызда үш адам бар: әкем, анам және мен. Біздің отбасылық дәстүріміз бар.

Әкемнің мамандығы — заңгер. Ол кісі — өте білімді, дарынды, жауапкершілігі жоғары адам. Ол маған қатал талап қояды. Анам емханада дәрігер болып жұмыс істейді. Ол — ақылды, мейірімді жан.

Әкем де, анам да мені қолдайды, түсінеді. Ата-анам мені жақсы көреді, еркелетеді, білмегенімді үйретеді. «Өзімшіл болма!» – деп ескертеді.

## АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын тексер. Түсіндір.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Анам мен әкем — өте балажан адамдар.		
Әкем — атақты ұшқыш.		
Анам мұғалім болып істейді.		
Ата-анам мені қолдайды, түсінеді.		
«Өзімшіл болма!» – деп ескертеді.		
Ата-анам өте қатал.		

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Жеке сөздерден сөйлем құра. Сөйлемді үлгідегі формула түрінде жаз.

Үлгі: 1-сөйлем: 1А — 3Ә — 2Б — 5В

№	А	Ә	Б	В
1	Біздің	алтыншы	үлгі	қорғайды.
2	Анам	елдің	өте	оқимын.
3	Мен	отбасымыз	сабағымды	тұтамын.
4	Ата-анамды	менің	сыныпта	қадағалайды.
5	Біздің	ерекше	тыныштығын	тату.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтіндегі сын есімдерді тауып, түрлерін ажырат.

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Жоспар бойынша мәтінді мазмұнда. Көптік мәнді есімдерді қолдан.

1. Менің отбасым
2. Ата-анамның қызметі
3. Отбасындағы түсіністік
4. Ата-ана өнегесі

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Сөздерден сөйлем құра. Дерексіз зат есімдерді тап.

Сөздер: үлгі тұтамын, балажан, өзімшіл, жауапкершілік, қатал, талап, қолдайды, түсінеді.

Үлгі: Әкем мен анам өте балажан.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС



### ТЫҢДАЛЫМ

#### 9-тапсырма. Диалогті тыңда. Сұраққа жауап бер.

1. Сөйлесіп отырған — кімдер?
2. Олар кімді үлгі тұтады?
3. Кім әкесі туралы айтты? Оның әкесі — қандай адам?
4. Кім анасы туралы айтты? Оның анасы — қандай адам?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 10-тапсырма. Төмендегі тірек сөздерді пайдаланып, өзің үлгі тұтатын адам туралы жаз.

**Тірек сөздер:** ұқсағым келеді, қолда, үйрету, қатал, талап, жауапкершілік, өзімшіл, ескер.

#### ЕСТЕ САҚТА!

Мен ата-анамды үлгі тұтамын. Олар мені қолдайды, өмір сүруге үйретеді. Қатал талап та қояды, бірақ жанымды түсінеді. Өзімшіл болмау керектігін ескертеді.

9-10-  
сабақтар

# Мұхтар Әуезов — қазақтың ұлы жазушысы

### ЖАҢА СӨЗДЕР

*бастал, аяқтал, шәкірт, ал, хабарлас*

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Жазушы» деген — кім?
2. Сен қазақтың қандай жазушыларын білесің?
3. Соңғы кезде қандай көркем шығарма оқыдың?
4. Шығармада кім, не туралы жазылған?

## АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Суретке қара. Сұрақтарды пайдаланып, парталас досыңмен диалог құр.

1. Суретте кімдер бейнеленген?
2. Олар туралы не білесің?
3. Олар қай ғасырда өмір сүрген?
4. Олардың қандай шығармаларын білесің?
5. Бүгінгі тақырыпта не туралы айтылуы мүмкін? Болжап айт.



## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Орысша-қазақша сөздікті пайдаланып, Мұхтар Әуезов туралы айтылған сөздерді қазақ тіліне аударып жаз. Көптік мәнді есімдерді тап.

1. Его книги издавались на тридцати языках народов мира, в том числе в таких странах, как ГДР, Болгария, Польша, Франция. О нем писали люди с мировым именем (Абдижамил Нурпеисов).
2. Мухтар Ауэзов был светлым человеком, светлым сыном казахского народа (Евгения Книпович).

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 4-тапсырма. Мәтінді тыңда. Оқы.

Мұхтар Әуезов 1897 жылы 28 қыргүйекте қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Бөрілі ауылында туған. Әкесі — Омархан мен атасы — Әуез — сауатты кісілер. Мұхтарды атасы — Әуез бен әжесі — Дінасыл тәрбиелеген. Мұхтардың атасы Абай ауылымен сыйлас болған. Үнемі хабарласып, араласып отырған. Мұхтар алты жасынан Абайдың өлеңдерін жаттап өскен.

Жазушының Абай туралы ең үлкен еңбегі — «Абай жолы» атты төрт томдық роман-эпопея. Романның 1-томы Абайдың балалық шағынан басталады. Жазушы бала Абайдың отбасы, өнеге алған ортасы, шәкірттері жайлы жазды. Ал романның 4-томы Абайдың қайтыс болуымен аяқталады.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Берілген сөздерді тіркестіріп жаз.

1	2
Абай ауылымен	хабарласу
Шығыс Қазақстан	араласу
Абайдың	басталады
роман	аяқталады
атасы	сыйлас болған
Абай өлеңдерін	сауатты болған
үнемі	облысы
Абай ауылымен	шәкірттері
көркем шығарма	жаттап өскен
ақынның	балалық шағы

## АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мұхтар Әуезов — кім?
2. Мұхтарды кім тәрбиеледі?
3. Мұхтардың Абайды тануына не себеп болды?
4. Болашақ жазушы Абайдың өлеңдерін неше жасынан жаттап өсті?
5. Романның бірінші томы неден басталады?
6. Роман қалай аяқталады?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Жоспардағы тақырыпшалар бойынша тірек сөздерді анықта. Жоспарың бойынша мазмұнда. Деректі және дерексіз зат есімдерді қолдан.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** «Сөздер сөйлейді» ойыны. Қоржыннан мәтінге қатысты етістік сөздерді алып, бірден сөйлем құрап айтыңдар. Дұрыс әрі көп жауап берген оқушы жеңіп шығады.

*Қоржынға салынатын сөздер:* туған, араласты, хабарласты, басталды, аяқталды, жаттады, жазды.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Жазушымен сұхбат». Рөлдік ойын. Мәтін мазмұны бойынша тележурналист пен жазушының шағын сұхбатын көрсетіңдер. Сөйлеу әдебіне қатысты сөздерді (амандасу, танысу, мадақ сөз, қоштасу) алдын ала жазып алып, диалогте қолданыңдар.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Топтық жұмыс. Мұхтар Әуезов туралы ақпарат тауып, өмірі мен шығармашылығына қатысты постер жасаңдар. Оны сыныпта қорғаңдар.

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Алматыдағы Мұхтар Әуезовтің мұражай-үйінде Абайға қатысты қандай экспонаттар бар екенін анықта. Мұражай сайтына кіріп, олармен таныс.

Өзіңе қызықты болған деректерді жазып ал. Абайдың туған күніне байланысты мұражайда «Абайды танимыз ба?» деген тақырыпта поэзия кеші өтетіні туралы хабарландыру жаз. Хабарландыру мәтінінде деректі және дерексіз зат есімдерді қолдан.

## ЕСТЕ САҚТА!

Мұхтар Әуезов — қазақтың ұлы жазушысы. Ол Абай туралы роман жазды. Роман «Абай жолы» деп аталады. Роман Абайдың балалық шағынан басталады.

# М. Әуезов. «Абай жолы» «Қайтқанда» тарауынан үзінді

11-12-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

асық, қайт, түс

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мұхтар Әуезовтің отбасындағы қандай тәрбие оның жазушы болуына әсер етті?
2. Ұлы жазушының өмірі негізінде «Отан отбасынан басталады» деген сөздің дұрыстығын дәлелде.

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша қандай өнер туындылары (кино, пьеса, суреттер) жарық көрген? Ғаламтордан, өзге де дереккөздерден осы сұраққа мәлімет жинап, жауап жаз.

### АЙТЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. 5-7-сынып оқушылары арасында Абай мен Мұхтар Әуезов туралы шағын сауалнама жүргізіңдер. Сауалнамада олардың өмірі мен шығармашылығы туралы сұрақтар болсын. Оның нәтижесін сыныпта талдаңдар.



## ОҚЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп (автор, кейіпкерлер) оқыңдар.

Абай ауылына жеткенше асықты.

— Анау — Абай, Абай ғой, айналайын-ай! Апасына айтайыншы, — деді бір үлкен әйел.

— Бәсе, Телғара ғой... Жаным-ау, мынау... — Телғара! — деді жас әйел.

Абайдың келген хабарын естіп, анасы — Ұлжан мен әжесі — Зере сыртқа шықты. Зеренің ең жақсы көретін немересі — Абай еді. Оның тілеуін тілеп отыратын.

Абай аттан түсті. Ол көп ішінен, ең алдымен, өз шешесін көрді. Соған қарай жүре беріп еді, шешесі:

— Шырағым, балам, ар жағыңда әкең тұр... Сәлем бер! — деді.

Абай әкесіне қарай тез бұрылды. Әкесіне қол беріп амандасты.

Әкесі:

— Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың! Бойыңдай болып білімің де өсті ме? — деді.

Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға белгілі. Ол сабырмен:

— Шүкір, әке, Қазіреттің рұқсатын алып қайттым, — деді.

Құнанбай:

— Бар, енді шешелерің жаққа бар, амандас, балам! — деді (М. Әуезов).

\* «Телғара» – Абайға жеңгелерінің қойған аты.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтіннен қазақтың сөз әдебіне қатысты сөздерді теріп жаз.

Мұғалімнің көмегімен олардың мағынасын түсін.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтінді мазмұнда. Жаңа сөздер мен сөз әдебіне қатысты

бірліктерді пайдалан.

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтіннің оқиғасын өз сөзіңмен баянда. Сөзіңде жаңа сөздер мен сөз әдебіне қатысты бірліктерді қолдан.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, «Абайдың ата-анасы қандай?» деген сұраққа жауап беріңдер. Абайдың ата-анасына шағын мінездеме жазыңдар. Қазақ отбасындағы әдеп туралы ойларыңды айтыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтіннен деректі, дерексіз зат есімдерді, көптік мәнді есімдерді тауып, кестені толтыр.

деректі зат есім	дерексіз зат есім	көптік мәнді есімдер
------------------	-------------------	----------------------



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді қолданып, мазмұнын айт.

*Тірек сөздер:* амандасу, ержету, сұрады, әке мінезі, қатал, үлкен кісі, туысы, шешесі.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Өзің қалаған бір сурет бойынша диалог құрап жаз. Диалогте қазақтың сөз әдебіне тән бірліктерді пайдалан. Деректі, дерексіз зат есімдерді қолдан.



## АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** «Отбасындағы әдеп» деген тақырыпта пікір алмасыңдар.

## ЕСТЕ САҚТА!

Абай ауылына асығып жетті. Ол аттан түсіп, анасына қарай бұрылды. Анасы оған алдымен әкесіне сәлем беру керектігін ескертті. Абай әкесіне сәлем берді. Абайдың ағайын-туысы оны жақсы қарсы алды.

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13-  
сабақ

## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** «Отан отбасынан басталады» деген тақырып бойынша жаңа сөздерді қатыстырып, постер жаса.

## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** «Синектика». Қазіргі кезде оқушылар кітапты көп оқымайтын болды. 6-сынып оқушысына Абайдың атынан шағын хат жаз.

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Полилог. «Ойшыл қалпақтар»: «Отан отбасынан басталады» тақырыбы бойынша 6 оқушы 6 түрлі қалпақ киіп, пікір таластырсын.

## КЕЛ, ЖАТТАЙЫҚ!

Отбасы — жылы ұямыз,  
Тірегі — ата-анамыз.  
Ұыз сүт еміп осында,  
Уылжып біздер өсеміз.  
Осында үлгі аламыз,  
Осында адам боламыз.  
Еркелеп, ойнап, еліктеп,  
Осында өсіп, толамыз.  
Тәрбие, мектеп — отбасы,  
Ақылды баулып, тіл ұштар.  
Өрімдей тезге тартылған  
Әдепті бейне дұрыстар.

*Е. Жүсінов*

ойшыл қалпақтар	ойшыл қалпақтардың қызметі:	сұрақтары:
	Отбасы тәрбиесі мен Отанның байланысы туралы айтады.	Адам үшін Отан мен отбасының маңызы қандай?
	Қазақ отбасындағы тәрбиенің артықшылықтарын айтады.	Қазақы тәрбиенің жағымды жағы неде?
	Отбасы тәрбиесіндегі қатал ережелердің кемшіліктерін айтады.	Отбасында бәрін шектеу дұрыс па?
	Отбасы тәрбиесінің тиімділігі туралы айтады.	Оны тиімді ету үшін не істеу керек?
	Айтылған ойдың қайсысы ұнағанын, қайсысы ұнамағанын айтады.	Айтылған ойларға қалай қарайсың?
	Бақылап, қорытындылау: айтылған ойларды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Отбасы мүшелерінің біріне мінездеме жаз. Онда «қандай?» деген сұраққа жауап беретін сөздерді қолдан.

### ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

- мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтауды;
- тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдануды;
- мәтін мазмұнына сүйене отырып, түрлерін салыстыруды;
- күнделік жазуды;
- заттың сипатын, аумағын, көлемін білдіретін сын есімдерді ажырата білуді **үйренесің**.

1-2-  
сабақтар

## Ауылым – алтын бесігім

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС


#### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Сенің туған жерің қандай?
- Сен ауылда/қалада тұрасың ба?
- Ауыл туралы не білесің?
- Сен ауылға/қалаға жиі барасың ба?

#### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Сурет бойынша сөйлем құра.



### ЖАҢА СӨЗДЕР

*жерұйық, кіндік қаны тамған жер, ұшқан ұя, қора, жидек, балқаймақ, жент, бақташы*

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Сын есім

Заттың түр-түсін, сапасын, сипатын, салмағын, көлемін, дәмін, иісін білдіретін сөз табы **сын есім** деп аталады. Сын есім «қандай?», «қай?» деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: үлкен — қандай? ойлы — қандай? Сын есім **негізгі сын есім** және **туынды сын есім** болып бөлінеді. Ешбір қосымшасыз негізгі түбір күйінде жұмсалатын сын есімді **негізгі сын есім** дейді. Мысалы: *қара, таза, биік*. Басқа сөздерден жұрнақ арқылы жасалған сын есімді **туынды сын есім** дейміз. Мысалы: *кеш+кі, ауыл+дық*.

Мағынасына қарай сын есім сапалық және қатыстық сын есім болып екіге бөлінеді. **Сапалық сын есім** заттың түрін, түсін тікелей анықтап, негізгі түбір сын есімнен жасалады. Мысалы: *көк (шөп), жақсы (адам)*. Зат есім, есімдік, етістік, үстеуге сын есім тудыратын жұрнақтар жалғанып, туынды сын есім жасалады. Оны **қатыстық сын есім** дейміз. Мысалы: *ауыл+дық (жер), өнер+лі (бала)*.

Сын есім зат есімнің алдынан келеді. Мысалы: *биік шың, аласа тау, ақ қар*.

Сын есім септелмейді, тәуелденбейді, көптелмейді. Сын есім септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын қабылдаса, зат есімге айналады. Мысалы: үлкенге — кімге? сын есім + ге (барыс септігінің жалғауы).

Сын есімге тән қосымшалар — шырай жұрнақтары. Олар: -лау/-леу, -дау/-деу, -тау/-теу, -рақ/-реқ, -ырақ/-іреқ.

## ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Қазақта «Ауылым — алтын бесігім» деген сөз бар. Әркімге өзінің туған жері — жерұйық. Біздің дүниеде жалғыз еліміз, жеріміз бар. Ол — Қазақ елі. Жалғыз Отанымыз — Қазақстан. Отаныңды сүй, Отаныңа деген сүйіспеншілік отбасыңнан, кіндік қаның тамған жерден, ұшқан алтын ұяңнан басталады. Менің де ұшқан ұям — дәл осы жер.

Балалық шағы өткен жерін адам еш уақытта ұмытпайды. Ауыл — біздің табан тірер жеріміз, тұғырымыз.

Ауыл — халық руханиятының алтын діңгегі.

*Нұрсұлтан Назарбаев*

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтіндегі сын есімдерді тауып, сөйлем құра.

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Кенжиен-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Балалық шағы өткен жерін адам еш уақытта ұмытпайды» деген пікірмен келісесің бе?
2. Сен туған жеріңді жақсы білесің бе? Ойыңды дәлелде.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен «жерұйық», «кіндік қаны тамған жер», «ұшқан ұя» деген тіркестерді тауып, мағынасын нақтыла. Осы тіркестерді қатыстырып, сөйлем құра.

**Үлгі:** Ұшқан ұя. Ауыспалы мағына. Орын тепкен, қоныстанған жер, құтты қоныс. Келдім сені сағынып, алтын ұям — Алматым (Қ. Аманжолов).



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Сұхбатты тыңда. Түсінгеніңді баянда. Мәтіндегі жаңа сөздерді айт. Ауыл туралы баянда.

## АЙТЫЛЫМ

### МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### 8-тапсырма. «Әркімге өзінің туған жері — жерұйық» деген тұжырым бойынша ой бөлісіңдер.

## АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Туған жерлерің туралы парталас досыңмен сұхбат құра. Сұхбат 10–12 үнқатымнан тұрсын.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. «Ауылым — алтын бесігім» деген тақырыпта эссе жаз.

#### Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланысты болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- көріктеуіш құралдарды ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 55–60 сөз.

### ЕСТЕ САҚТА!

Ауылым — алтын бесігім. Мен жазда ауылға барамын. Атам мен әжем ауылда тұрады. Маған да ауыл ұнайды.

# Жайлаудың ауасы таза

3-4-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

күні-түні, қармақ, жергілікті, айырмашылық, тыныш, бейімдел, епті, шымыр, нәзік  
Клише: Қандай керемет!

МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. «Ассоциация»:

- 1) «Жайлау» деген сөзді естігенде ойыңа не келеді? Олардың атауларын пайдаланып, диаграмма құра.
- 2) Құрған диаграммаң бойынша «Жайлауда» деген тақырыпта сурет сал. Ойыңды ауызша баянда.



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Мұқағали Мақатаевтың өлеңін тыңда. Өлең не туралы? Айтып бер.

## АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Досыңмен жайлау туралы диалог құр.

МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Сөйлем соңындағы тыныс белгілердің қойылу себебін түсіндір.

Сәлем, досым! Қалың қалай? Жаз бойы жайлауда болып, электронды поштамды бүгін аштым. Көп хат келіпті. Сенің хатыңды алдым. Рақмет!

Ертөре, жазғы демалысты қалай өткіздің? Сен жайлауда болдың ба?

Мен жазда жайлауда болдым. Өзеннен балық ауладым.

Ауылдың тыныс-тіршілігі басқаша. Әжем самауырмен шай қайнатты.

Мен әжеме көмектестім. Әжем қазанға әртүрлі тамақ пісіреді. Әсіресе қуырдағы дәмді!

Жайлаудың ауасы таза әрі салқын. Самал желі мен бұлақтың суын айтсаңшы!

Үйдің жанында су ағып жатыр. Ол су таудың етегіндегі бұлақтан басталады. Сондықтан жайлау «Ақбұлақ» деп аталады. Айнала — гүлдер мен ағаштар. Жер кілем секілді жап-жасыл. Ауылдың қаладан айырмашылығы көп. Жергілікті тұрғындар өте қонақжай.

Мен биыл бірінші рет атқа міндім. Атама мал бағуға көмектестім. Ауыл өміріне тез бейімделдім. Атам: «Қаланың балалары нәзік болады», — дейді. Енді мен де ауыл балалары сияқты шымыр әрі епті боламын. Менің жазғы демалысым көңілді өтті. Сен жазғы демалыста не істедің? Жазып жібер.

Сәлеммен досың Нұрасыл.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** 1) Мәтіннен өзіңе таныс емес сөздерді көшіріп, сөздіктен аудармасын тауып, жаз. 2) Ол сөздерден тіркес құра.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.**

- 1) Мәтінге тақырып қой. Неге ол тақырыпты таңдағаныңды түсіндір.
- 2) Мәтіннен сын есімдерді тап.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіндегі ақпараттың дұрыстығын көрсет. Түсіндір.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Нұрасылға Ертөре хат жазып отыр.		
Бұл мәтін жайлау туралы.		
Нұрасылға әжесінің тамағы ұнамайды.		
Нұрасыл әжесіне көмектесті.		
Жайлау «Ақбұлақ» деп аталады.		

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** «Бинго» ойыны. Мәтіннен сұрақтарға жауап беретін сөздерді тауып, кестені толтырыңдар. Тез әрі дұрыс толтырған оқушы «жеңімпаз» атанады.

кім?	не?	қандай?	не істеді?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9-тапсырма. «Жайлау» тақырыбына синквейн (бес жолды өлең) дайындаңдар.

Бес жолды тақпақтың құрылымы:

1. тақырыпқа қатысты бір зат есім;
2. бірінші зат есімге қатысты екі сын есім;
3. бірінші зат есімге қатысты үш етістік;
4. бірінші зат есімді суреттеп, толықтыратын төрт кілт сөз;
5. тақырыпты сипаттайтын бір синоним не метафора (зат есім).

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Мұғалім ұсынған пейзажға қарап, табиғатты суреттеп жаз. Жазғаныңды ауызша айт.

**Үлгі:** Бұл — жайлау. Мен жазда жайлауға бардым. Жайлаудың ауасы таза.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 11-тапсырма. Ұсынылған жағдаяттардың бірін таңдап, сұхбат құрыңдар.

- а) Жайлауға бару, суықтап қалу
  - ә) Далада ұйықтау, қорқу
  - б) Атқа міну, құлап қалу
  - в) Мал бағу, шаршау
- Жайлауға барғың келе ме?  
— Жоқ, барғым келмейді.  
— Неге?  
— Жайлаудың ауасы суық. Маған суықта көп жүруге болмайды.



## ЕСТЕ САҚТА!

Мен атқа міндім. Мен жазда жайлауда болдым. Жайлаудың ауасы таза. Мен әжеме көмектестім. Әжем қазанға тамақ пісірді.

# Менің үйім таудың етегінде

5-6-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Сенің үйің қай жерде орналасқан?
- Үйіңнің жанында не бар?
- Сенің ауылыңда/қалаңда тау бар ма?
- Ол тау қалай аталады?
- Сен ол таудың тарихын білесің бе?

## ЖАҢА СӨЗДЕР

бұйратты, қыр, киелі, өнегелі, алем, тынық

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Жақшаның ішіндегі қажетті сын есімдерді қойып, сөйлемді көшір.

1. Менің әжемнің балқаймағы (*дәмді, ащы, үлкен*). 2. Жайлаудың ауасы (*кір, таза, көк*). 3. Бұлақтың суы (*салқын, ыстық, ащы*).

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Мәтіндегі сын есімдерді тап.

Сәлем, Майкл! Қалың қалай? Бразилияда өткен оқушылардың халықаралық ғылыми жұмыстар байқауында танысқанымызға да бір ай болыпты. Хатыңды алдым, көп рақмет. Қазақстан туралы көп білгің келетінін жазыпсың. Саған өзімнің туған жерім туралы айтып берейін.

Ауылымыз Тарбағатай тауының етегінде орналасқан. Тарбағатай — Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Қытай аумағындағы тау. Аулымыздың табиғаты да ерекше. Қыста күн суық, қар қалың жауады. Сондықтан қыста шаңғы, шана тебеміз. Жазда салқын, бірақ шілде, тауымыз айларында күн ыстық болады. Таудан самал жел соғып тұрады.

Менің үйім таудың етегінде. Есіктің алдында алма, алмұрт, сары өрік және т. б. жеміс ағаштары өседі. Жазда бүлдірген тереміз. Қазақстанға қыдырып кел. Біздің елдің табиғаты тамаша! Жақсы тынығып, демаласың.

Сенің тұрған жерің қандай? Хатыңды асыға күтемін.

Сәлеммен Әлібек.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтіндегі 5 сөйлемге түрлі нұсқада сұрақ қой.

Үлгі:

Бразилияда өткен оқушылардың халықаралық ғылыми жұмыстар байқауында танысқанына да бір айдай болыпты.

Сұрақ:

- Олар қайда танысты? — Олар Бразилияда танысты.
- Олар қандай байқауда танысты? — Олар халықаралық ғылыми жұмыстар байқауында танысты.
- Олардың танысқанына қанша уақыт болды? — Олардың танысқанына бір айдай болды.

## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Берілген суреттер бойынша мәтін құра.



## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтыр. Түсіндір.

Сөз не сөз тіркесі	Түсініктеме
Тарбағатай тауы	Шығыс Қазақстан облысында орналасқан тау. Оның бір шеті Қытай Халық Республикасының аумағында орналасқан.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жаз.

1. Қазақстан туралы көп білгің келетінін жазыпсың. 2. Менің ауылым Тарбағатай тауының етегінде орналасқан. 3. Тарбағатай — Қазақстанның оңтүстік-шығысы мен Қытай аумағындағы тау. 4. Қыста күн суық, қар қалың жауады. 5. Сондықтан қыста шаңғы, шана тебеміз. 6. Жазда салқын, бірақ шілде, тамыз айларында күн ыстық болады.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Жағдаят: мектептеріңде республикалық байқау өтті. Байқауға Қазақстанның барлық өңірінен оқушылар келді. Олар сендерден ауылдарың/қалаларың, оның тарихы туралы сұрады. Не деп жауап бересің?



## ТЫҢДАЛЫМ

**9-тапсырма.** Өлеңдерді тыңда. Жаңа сөздерді тап. Сұрақтарға жауап бер.


- Ақындар туған жерді қалай жырлаған?
- Олар туған жеріне деген сүйіспеншілігін қалай жеткізген?
- Сен туған жеріңді сағынасың ба?

## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Берілген сын есімдерді қатыстырып, сөйлем құра. Таза, дәмді, бұйратты, салқын, ыстық, көп, орташа, суық, тамаша.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** «Менің туған жерім» деген тақырыпта фотоколлаж дайындаңдар. Оны сыныпта қорғаңдар.



### ЕСТЕ САҚТА!

Менің ауылым таудың етегінде орналасқан. Мен аулымды сағынамын. Ауылда көптеген жеміс ағаштары өседі.

# Кім пайдалы? Кім мықты?

7-8-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

ұрысу, тепкілеу, шұжық, шындық, арам, мықты, мінеу, керкілдесу, керісу, жүгіну

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Қандай тағамдар пайдалы?
- Сен қандай тағамдарды ұнатасың?
- Қандай киімдерің өзіңе ұнайды?
- Сен аяқкиім неден жасалатынын білесің бе?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Жұмбақты шешіңдер. Мағынасын түсіндіріңдер.

Он екі тесігі бар, жалғыз тілі,  
Жып-жылтыр, сыртында жоқ тіпті міні.  
Көтерер адамзатты қиналмай-ақ,  
Жоқ екен күштілікке ешбір кемі.  
Сап алар аузын буып қапшығына,  
Өзінде дайын екен арқан жібі (екңетәб).

### ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

#### 3-тапсырма. Өлеңді рөлге бөліп оқыңдар. Мазмұндаңдар.

Ә. Дүйсенбиев  
Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ  
(өлеңнен үзінді)

Бәтеңке,  
Шұжық,  
Балқаймақ  
Дүкенде тұрып ұрсысты.  
Бәтеңке шықты айғайлап:  
— Айту керек дұрысты!  
Сен екеуің кімсіңдер?

Мені айтыңдар: «Мүлік!» — деп,  
Кім пайдалы, кім мықты?  
Кәне, екеуің жеңіл де  
Мойындаңдар шындықты!  
...Таласты олар ұзақ түн,  
...Кетті айтыс ұзап тым,  
Бір бітімге келмеді...

Бәтеңке  
Шұжық,  
Балқаймақ  
Жатыр әлі айғайлап...

Бірін бірі мінеді,  
Керкілдесті, керісті.  
«Жүгінетін біреуді  
Табалық!» — деп келісті.

Үшеуі кімнің пайдалы, мықты екенін білу үшін жолда кездескен Ит, Мысық, Тышқаннан сұрады. Бірақ олар дұрыс жауап бермеді. Ең соңында олар Сиырға кезікті. Сиыр оларға былай деп жауап берді:

— Мына менен әуелі  
Шыққансыңдар өздерің.  
Шытынама, Балқаймақ,  
Сені сүттен беріп ем.  
Ал, Бәтеңке, айғайлақ,  
Жасалғансың теріден.  
Сен де, Шұжық, безілдек,  
Шығасың ғой етімнен.  
Енді: «Өзім! Өзім!» — деп  
Екіленбе бетіңмен!  
Сөйте тұра өзімді  
Мақтамаймын, таспаймын.

Әрқашан да сөзімді  
Бақташыдан бастаймын.  
Шалқытып ел табысын.  
Жайлауда жүр малшылар.  
Қыс боранмен алысып,  
Жаз жаңбырға малшынар.  
Айтсам егер шындықты:  
Сол қадірлі, сол мықты!  
Көргің келсе бұларды,  
Қазір бәрің ер маған!  
Олар асып қырларды,  
Бір-ақ шықты фермадан.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтіндегі 5 сөйлемге түрлі нұсқада сұрақ қой.

Үлгі:

- Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ дүкенде тұрып ұрсысты.
- Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ дүкенде не істеді?
- Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ қайда тұрып ұрсысты?
- Дүкенде кімдер ұрсысты?

## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Ә. Дүйсенбиевтің «Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ» өлеңі не туралы?
2. Өлең неге «ертегі» деп аталады?
3. Олар не үшін ұрсысты?
4. Олар қанша уақыт ұрсысты?
5. Олар кімдерден ақыл сұрады?
6. Олардың таласы қалай шешілді?
7. Сенің ойыңша, олардың қайсысы мықты әрі пайдалы?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Бағандағы сөздерден сөйлем құра.

Бәтеңке	қапсың	келмеді
Бір-ақ	жүр	ішіме
Бір	еңеуің	кімсіңдер?
Айтпай	шықты	малшылар
Жайлауда	шықты	айғайлап
Сен	бітімге	фермадан

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұнына қарай ойбөліктерді дұрыс орналастыр. Ретін сандармен белгіле.

- Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақтың Итке кездесуі;
- Мысыққа кездесуі;
- Сиырға кездесуі;
- мал фермасына баруы;
- дүкенде ұрсысуы.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Жақшаның ішіндегі тиісті сөздерді қойып жаз.

Кім (керек, пайдасыз, пайдалы), кім мықты? 2. Таласты олар (қысқа, ұзақ, күнде) түн. 3. Біз (төбелесіп, ұрсысып, айтысып) кеп тұрмыз. 4. Әрқашан да сөзімді (малшыдан, бақташыдан, қойшыдан) бастаймын. 5. Жаз (боранға, ыстыққа, жаңбырға) малшынар.

## АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақтың таласы бойынша ой бөлісіңдер. Автор осы өлеңі арқылы балаларға не айтпақшы болды?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлем құра.

Ұрсысу, тепкілеу, Шұжық, Балқаймақ, шындық, арам, мықты, мінеу, керкілдесу, керісу, жүгіну.

## АЙТЫЛЫМ

### 11-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың қайсысы өлеңнің идеясын аша алады? Ойталқы өткізіңдер.

- Достық
- Өзін жоғары қою
- Адам еңбегін мойындау

## ЕСТЕ САҚТА!

Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ дүкенде ұрсысты. Әрқайсысы: «Мен мықтымын, пайдалымын!» — деп мақтанды. Олардың дауын Сиыр шешіп берді.

# Қаланың қызу өмірі

9-10-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

кептеліс, шулы, қарбалас, қалалық, қиын, қыш, там, ауылдық, ойын-сауық, отшашу, хауыз

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайында. Көршіңнен сұра.



## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап жаз.

- Қандай елді мекен «қала» деп аталады?
- «Қала» деген атқа ие болу үшін не назарға алынады?
- Қазақстанда неше ірі қала бар?
- Қала мен ауылдың айырмашылығы неде?
- Қалада қарбалас тіршілік нешеде басталады? Не себепті?
- Қала шулы ма? Не себепті?

## ОҚЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Мәтіндерге тақырып қой. Екі мәтінді салыстыр.

1. Қазақстанда қалалық мәдениет ерте ғасырлардан басталған. Ежелгі Қазақстан жерінде Отырар, Түркістан, Мерке, Аспара, Тараз, Талғар, Құлан, Құмкент, Жаркент, Сайрам, Сарайшық, Алматы және т. б. көптеген көне қалалар болған. Отырар қаласы Арыс пен Сырдария өзендерінің қосылған тұсында орналасқан. Ежелгі Отырар қыштан салған тамдары бар, көшелері кең, керуен кіріп-шығатын қақпалары бар көрікті қала болған. Осы қалада әлемнің екінші ұстазы — Әбу Насыр әл-Фараби туған.

Түркістан қаласы Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан. «Түркістан» сөзі «түріктер мекені» дегенді білдіреді. Түркістанда Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі бар («Сен білесің бе?» энциклопедиясынан).

2. Алматы — әсем, арман қала. Қазіргі кезде Алматы қаласы — үлкен мегаполис. Ол күннен-күнге көркейіп, өсіп келеді. Зәулім ғимараттар ерекше әдемі.

Ауылдық жердегідей емес, Алматыда қызу тіршілік бір тоқтамайды. Мен достарыммен ойын-сауыққа барамын, отшашуды тамашалаймын. Хауызға түсемін. Мен Алматыны жақсы көремін.

## АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Мәтінде аталған қалалардың қайсылары осы кезге дейін сақталған? Бұл қалалардағы қызу тіршілік туралы айтып бер.
- Қай қалалардың орындары табылды? Дереккөздерден ақпарат жинап, көршіңмен диалог құр.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Жақша ішіндегі тиісті етістіктерді дұрыс тұлғада қойып, сөйлем құра.

1. Қалада көлік кептелісі жиі (*бол, айт, соқ*).
2. Әлібек мектепке қоғамдық көлікпен (*жүр, бар, отыр*).
3. Қала тіршілігі ерте (*жүргіз, бастал, орналас*).
4. Аялдамаларда адамдар қоғамдық көліктерді (*күт, отыр, жеткіз*).

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

**Пікір.** Мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел.** Пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал.** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

**7-тапсырма.** Өлеңді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Өлең не туралы?
- Өлеңде көліктің қандай түрлері туралы айтылған?
- Ол отыратын автобусының нөмірін біле ме?
- Ол автобусқа қай есіктен кіреді?

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** 3-тапсырмадағы мәтіннен сын есімдерді тауып, сөз тіркесін құра.

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Райханның күнделігін оқы. Осы күнделікті үлгі ретінде пайдаланып, кешегі күнді қалай өткізгеніңді жаз.

### 2016 жылғы 12 шілде

Күнделік жазбағаным екі-үш күн болды. Оның себебі бар. Мен кеше Алматы қаласына қыдырып келдім. Алматыға пойызбен келдік. Атырау мен Алматының арасы алыс қой. Жолда күнделік жазуға мүмкіндік болмады.

Бүгін қыдырдық. Алматы қалай өзгеріп кеткен! Алматыға осыдан екі жыл бұрын келгенмін. Одан бері қала тағы үлкейіпті. Көптеген жаңа ғимараттар салыныпты. Алған әсерімді сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Ертең Медеуге барамыз. Қалғанын ертең жазамын...

## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Қазақстандағы бір қаланың тіршілігі туралы шағын мәтін құра.

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** «Қазақстанның көне қалалары» деген тақырыпта қосымша материал жинап, ой бөлісіңдер.

### ЕСТЕ САҚТА!

Қазақстанда көне қала көп. Қалалық мәдениет туралы көптеген ақпарат бар. Мен таңертең мектепке автобуспен барамын.

# Менің қалағазы болашақ кәмерім

11-12-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*жекежай, кеңесу, аспанмен  
таласқан, жатынбөлме,  
айқара ашу, дайын*

## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, сөйлем құра.

1. Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ дүкен... ұрсысты.
2. О... ұзақ уақыт бітімге келе алмады. Олар жолда Сиыр... кездесті.
3. Мен ауыл... бардым.
4. Маған қала... тұрған ұнайды.
5. Қала... кептеліс жиі болады.
6. Жайлау... ауасы таза.

## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сурет бойынша әңгіме құра.



## ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 3-тапсырма. Мәтінді оқы.

### Менің болашақ пәтерім

Сәлем, Ернұр! Бүгін қазақ тілі сабағынан Сәуле апай «Менің болашақ пәтерім» деген тақырыпта шығарма жазып келуді тапсырды. Мен мынадай мәтін жазған едім. Оқып көрші. Ал сен не жазар едің?

«Басқа балалар секілді менің де кішкене кезімнен ойлаған арманым көп. Соның бірі — өзім қалағандай пәтерімнің болуы. Мен болашақ пәтерімнің жобасын жасап қойдым.

Мен аспанмен таласқан зәулім үйдің жоғары қабатында тұруды қалаймын. Өйткені мен қаланы биіктен тамашалағанды ұнатамын. Жатынбөлмемнің терезесі тауға қарап тұрса әрі одан шыршалар көрініп тұрса, шіркін! Таңертеңгі уақытта терезені айқара ашқанда таудың салқын самалы есіп тұрғаны — қандай ғанибет!

Екі бөлмелі пәтер болса, жетеді. Бірақ оның кең, жарық болғанын қалаймын. Әсіресе қонақбөлме мен асүйім әсем болса деймін. Өз пәтерімнің интерьерін ұлттық үлгіде жасатар едім. Дизайнермен кеңесіп, үйдегі жиһаздардың да ұлттық нақышта болуына мән берер едім. Түсі ашық перделер мен шілтерлерді дайын матадан емес, қолдан тоқытып, өзгеше сәнді болуын қадағалаймын. Пәтерімнің көрнекті жеріне алуан түрлі балықтары бар аквариум қойғызамын. Бұл — менің қиялымдағы арман пәтерім».

Сәлеммен Әлібек.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтіндегі жалғаулық шылаулардың түрін көрсет. Осы жалғаулықтарды қатыстырып, сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтін бойынша диалогті толықтырыңдар.

- Әлібек кімге не туралы хат жазды?
- .....
- Әлібектің арманы — не?
- .....
- Ол қандай пәтерде тұруды армандайды?
- .....
- Ол неге таудың етегінде тұруды қалайды?
- .....

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтін бойынша ақпараттың дұрыстығын көрсет. Жауап дұрыс болмаған жағдайда дұрыс жауапты айт.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Әлібектің арманы — шағын үйде тұру.		
Әлібек пәтерінің тау етегінде орналасқанын қалайды.		
Үш бөлмелі пәтер алғысы келеді.		
Әлібек пәтерінің жанында көл болғанын ұнатады.		
Пәтерді дизайнермен кеңесіп, безендіргісі келеді.		
Әлібекке таудың салқын самалы ұнайды.		
Ол пәтерінің батыс үлгісінде болғанын қалайды.		

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр. Әр тақырыпшаның тұсына тірек сөздерді жаз. Соларды басшылыққа алып, мәтінді мазмұнда.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Ауыспалы мағынада тұрған сөздердің синонимін жаз.  
*Үлгі: аспанмен таласқан — биік, үлкен.*

айқара ашу  
ақжүрек

қанат қағу  
сезім домбырасы

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, өзіңнің армандайтын пәтерің жайында айт.  
Онда мынадай сұрақтарға жауап бер:

1. Сен қандай пәтерде тұруды армандайсың?
2. Жатынбөлмеңнің қандай болғанын қалайсың?
3. Қонақбөлмеңді қалай безендіресің?
4. Онда қандай жиһаздың болғанын қалайсың? Сызбасын жаса.

## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Өз пәтеріңді сипаттап жаз. Онда төмендегі сөздерді қолдан: *кең, қойдық, тар, жасадым, үлкен, ілдік, кішкентай, кеңестік, жаңадан, таңдау, орналастыру.*

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Рөлдік ойын: Әлібек дизайнермен бірге үйдің интерьерін жоспарлап отыр. Олардың сөзін диалог түрінде көрсетіңдер.

## ЖАЗЫЛЫМ

**12-тапсырма.** Өзіңе ұнайтын пәтер туралы айтып бер. Оның құрылысы, тұрған жері, ауласы жөнінде әңгімеле.

## ЖАЗЫЛЫМ

**13-тапсырма.** «Менің болашақ пәтерім» деген тақырыпта шығарма жаз.



### ЕСТЕ САҚТА!

Қалада тұрғым келеді. Қалада өзімнің пәтерім болады. Пәтерімді ұлттық үлгіде безендіремін.


# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13-  
сабақ

## ЖАЗЫЛЫМ

ОЙТУРТҚИ

**1-тапсырма.** «Жайлау» сөзіне кластер құра. Осы сөздерді пайдаланып, әңгіме құра.



## ОҚЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Ернұр мен Әлібектің хатын салыстыр. Кімнің пікірі ұнады? Өз ойыңды айт.

Сәлем, Ернұр!

Бүгін саған өзімді толғандырып жүрген ойым — ауыл мен қала туралы жазбақпын. Мен ауылда тұрамын, сен қалада тұрасың. Бір қызығы — жазғы демалыста менің қалаға барғым келеді, ал сен ауылға асығасың. Неге олай? Осы сұраққа жауап іздейікші!

Мен қаладағы түрлі мәдени орындарға қызығамын. Қалада мүмкіндік көп. Қалаған жеріңе қоғамдық көлікпен не таксимен жетіп барасың.

Саябақтарда неше түрлі әткеншектер бар. Кинотеатрдан кино көресің. Үлкен-үлкен дүкендерді аралайсың. Қарбалас тіршілік. Үлкен зәулім үйлер мен ғимараттар қандай әдемі! Сондықтан қалада тұрғым келеді. Ал сен ше?

Жауабыңды күтемін.

Сәлеммен Әлібек.

Сәлем, Әлібек!

Иә, қалада тұрғың келетінін өткенде қиялыңдағы пәтер туралы жазған хатыңнан да байқағанмын. Қызық: сен қалада тұрғанды ұнатсаң, мен, керісінше, ауылда тұрғанды ұнатамын. Себебі ауылдың ауасы таза. Қаладағыдай түтін жоқ. Екіншіден, тыныш, қаладағыдай шулы емес. Құстардың ән салғанын тыңдаған қандай керемет! Үшіншіден, қаладағыдай кептеліс жоқ. Мектепке асықпай, жаяу барасың. Төртіншіден, адамдар бірін бірі таниды, бір-бірімен амандасып, хал-жағдай сұрасады. Қалада адам көп, бір-біріне қарамайды.

Бәрі үнемі бір жаққа асығып бара жатады. Бесіншіден, ауылда күнделікті сүт, айран ішесің. Бақшадан қалаған жемісті алып жейсің. Бәрі тегін, еш нәрсені сатып алмайсың. Шіркін, тезірек жазғы демалыс болса ғой! Ауылға қарай құстай ұшар едім.

Ал сен қалаға қашан келесің? Қыдырып кел, күтемін.  
Сәлеммен Ернұр.

## ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтіннен сын есімдерді тап. Оларды қатыстырып, сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** «ПОПС» формуласын пайдаланып, мәтін бойынша өз пікіріңді дәлелде.

Бірінші сөйлем: «*Менің ойымша, ...*».

Екінші сөйлем: «*Себебі ... ескеру керек*».

Үшінші сөйлем: «*Оны мен ... сияқты фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын*».

Соңғы сөйлем: «*Осыған байланысты мен «...» деген шешімге келдім*».

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Рөлдік ойын: Әнел мен Әлібектің атынан диалог құрыңдар. Талданатын тақырып: «Менің болашақ пәтерім». Сөйлесушілердің әрқайсысы өзі қалаған пәтердің артықшылығын, әсемдігін айтып, сөз таластыруы шарт.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** «Қала мен дала» деген тақырыпта фотоколлаж дайында. Фотоколлажды сыныпта қорға.

## ОЙТАРАЗЫ

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «Шығу парағын» пайдаланып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

1. Бүгін не үйрендіңдер?
2. Сабақ бойынша қандай сұрақтарың бар?
3. Келесі сабақта қандай мәселелерге баса назар аудару керек?

## БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

### Мақал-мәтел

Туған жердің күні де ыстық,  
түні де ыстық.

Туған жердің қадірін шетте  
жүрсең, білерсің.

Ауылын көріп, азаматын таны.

# 3

## Таулар сыры М. Мақатаев «Мен таулықпын»

### ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

- Қазақстан таулары туралы ақпаратпен танысуды;
- өзің меңгерген ақпаратты бөлісуді;
- заттарды, құбылысты, адамды сипаттауды;
- ойыңды дәйектеуді;
- эссе жазуды **үйренесің**.

1-2-  
сабақтар

## Қазақстандағы қандай тауларды білесің?

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАҢА СӨЗДЕР

*шоқылы, орташа, жота,  
биіктік, тастақ, нүкте*

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен Қазақстанның қай аймағында тұрасың?
2. Сен тұратын жерде тау бар ма? Ол қалай аталады?
3. Қазақстандағы қандай тауларды білесің?

### ТІЛДІК БАҒДАР

#### Сан есім

Сан есім — заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы. Сан есім «неше?», «қанша?» деген сұрақтарға жауап береді.

\* Сан есім өзі анықтайтын сөздің алдында тұрады. Мысалы: *екі тау, он екі жота*.

\* Сан есім заттанғанда:

- көптеледі (*екілер шамасында*),
- жіктеледі (*біз екеуміз*),
- тәуелденеді (*айдың екісі*),
- септеледі (*екеудің ойы*).

\* Сан есіммен тіркесіп тұрған зат есімдерге көптік жалғауы жалғанбайды. Мысалы: *бес оқушы, он мың жолаушы* және т.б.

Сан есім мағынасына қарай 6 топқа бөлінеді (нестеге қара).

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Есептік сан есім:

*қанша? неше?*  
бір, он т.с.с.

### Бөлшектік сан есім:

*қанша? неше? қаншасы?*  
оннан бір, он бүтін  
үштен екі т.с.с.

## САН ЕСІМ

### Болжалдық сан есім:

*қанша? неше?*  
ондаған, ондарда,  
он шақты т.с.с.

### Топтау сан есім:

*нешеден?*  
*қаншадан?* он-он-  
нан, бір-бірден т.с.с.

### Жинақтық сан есім:

*нешеу? біреу,*  
жетеу т.с.с.

### Реттік сан есім:

*нешінші? бірінші,*  
оныншы т.с.с.

## РЕТТІК САН ЕСІМ

Реттік сан есім заттың саналу ретін (қатарын) білдіріп, «нешінші?» деген сұраққа жауап береді. Реттік сан есімдер есептік сан есімдерге -ыншы, -інші жұрнағы (дауыссыз дыбыстан кейін), -ншы, -нші (дауысты дыбыстан кейін) жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *бірінші, тоғызыншы, екінші, алтыншы, жүз отыз бесінші* т.с.с.

Реттік сан есімдер кейде цифрмен де беріледі:

1. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, -ыншы, -інші, -ншы, -нші жұрнағының орнына дефис (-) қойылады. Мысалы: *Ол 6-қатардан орын алды. Біз 3-қабатта тұрамыз. Сен биыл 6-сыныпқа бардың ба?*

2. Реттік сан есімдер Рим цифрымен берілсе, жұрнақтың орнына дефис қойылмайды. Мысалы: *VI сынып оқушылары жиналыста отыр. Абай Құнанбайұлы XIX ғасырда туған.*

3. Жыл, ай аттарының алдынан келген сан есімдер араб цифрымен берілсе де, одан кейін дефис қойылмайды. Мысалы: *1961 жылы Ю. Гагарин ғарышқа ұшты. 1 қыргүйекте сабақ басталады* т. б.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Мәтіннен реттік сан есімдерді тауып, жасалу жолдарын түсіндір.

Сарыарқа батыстан шығысқа қарай 1200 шақырымға созылған. Сарыарқада Ақсораң, Қарқаралы, Ұлытау, Шыңғыстау таулары бар. Биіктігі бойынша, Ақсораң тауы бірінші орында (биіктігі — 1565 м). Қарқаралы екінші орында (биіктігі — 1403 м). Ұлытау төртінші орында (биіктігі — 1133 м). Ал Шыңғыстау үшінші орында (биіктігі — 1305 м).

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Тыңда. Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта.

Қазақстанда Сарыарқа, Мұғалжар, Маңғыстау, Алтай, Жетісу Алатауы, Тянь-Шань таулары бар. Сарыарқа Орталық Қазақстанда орналасқан. Сарыарқада ұсақ **шоқылы** аласа таулар бар. **Орташа биіктігі** — 500-600 м. Сарыарқаның ең биік нүктесі — Ақсораң. Ақсоранның биіктігі — 1565 м.

Мұғалжар аса биік емес, тастақ таулар тізбегі. Ең биік нүктесі — Боқтыбай тауы. Биіктігі — 657 м.

Маңғыстау тауларына Қаратаудың батыс, шығыс жоталары, Ақтаудың оңтүстік, солтүстік жоталары кіреді. Маңғыстау тауларының ең биік **нүктесі** — Қаратау-Бесшоқы. Оның биіктігі — 556 м.

Қазақстанға алып Алтай тауларының бір бөлігі енеді. Алтай таулары Зайсан көлі мен Байкал көлінің аралығында жатыр. Алтайдың ең биік шыңы — Мұзтау. Оның биіктігі — 4506 м.

Оңтүстік-шығыста Тянь-Шань таулары орналасқан. Орталық, Батыс, Солтүстік Тянь-Шань таулары Қазақстан жерінде жатыр. Ал Орталық Тянь-Шань Қытай, Қазақстан, Қырғызстан шегараларында орналасқан. Қазақстандағы ең биік нүктесі — Хантәңірі. Оның биіктігі — 6995 м.

Жетісу Алатауы Қазақстанның шығысында, Қытай мен Қазақстанның шегарасында орналасқан. Жетісу Алатауы Тянь-Шань тауларына жатады. Ол Алакөл мен Іле өзенінің аралығында. Орташа биіктігі — 3580 м.

*Баспасөз беттерінен*


- Мәтіннен сан есімдерді тауып, дәптерге жаз.
- Жасалу жолдарына мән бер.
- Тауларды сипаттаған жерлерді тауып, оқы.

## ОҚЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтінді оқып, Сарыарқа, Мұғалжар, Алтай, Тянь-Шань тауларына ассоциограмма құра.

## ОҚЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтінді оқып, таулар мен олардың биіктігін белгіле.



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Екі үзіндіні оқып, қай тау туралы ақпараттың жалғасы екенін анықтаңдар. Түсінгендеріңді қазақша айтып беріңдер.

I. Пик Хантенгри (Повелитель духов), наивысшая точка Казахстана, считается одной из красивейших вершин Центрального Тянь-Шаня. Мраморная вершина в виде остроконечной пирамиды видна почти отовсюду.

II. Высота хребтов Жетысуского Алатау Токсамбай — 4062 м и Тышкантау — 4359 м. Хребты имеют снежные вершины и ледники длиной до 8 км.

Западные отроги Жетысуского Алатау — горы Чулак, Матай, Калканы — одно из живописнейших мест Казахстана. Здесь еще сохранились горные козлы, горные бараны — архары, размножилась грандиозная газель пустыни — джейран.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

**Қажетті сөздер:** орташа, шоқылы, жотасы, биіктік, тастақ, нүкте, биік.

1. Сарыарқа ұсақ ... тауларға жатады. 2. Оның ... биіктігі — 500-600 м. 3. Мұғалжар — аса биік емес, ... таулар тізбегі. 4. Ең ... нүктесі — Боқтыбай тауы. 5. Биіктігі — 657 м. 6. Маңғыстау тауларына Қаратаудың батыс, шығыс жоталары, Ақтаудың оңтүстік, солтүстік ... енеді. 7. Маңғыстау тауларының ең биік ... — Қаратау-Бесшоқы. 8. Оның ... — 556 м.

## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Youtube сайтынан «Қазақстан таулары» атты бейнежазбаларды қара. Көрген-түйгеніңді сыныпта баянда.

## ЖАЗЫЛЫМ


### 9-тапсырма. Үш нұсқаның ішінен қажетті сөзді таңдап жаз.

Алтай таулары Зайсан көлі мен Байкал көлдерінің (*жанында, ортасында, басында*) жатыр.

Қазақстанның оңтүстік-шығысында алып Тянь-Шань таулары (*кеткен, бөлген, орналасқан*). Оның Қазақстандағы ең биік (*жотасы, нүктесі, шыңы*) — Хантәңірі. Жетісу Алатауы Алакөл мен Іле өзенінің (*төбесінде, арасында, үстінде*) жатыр.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Топтық жұмыс. Алты топқа бөлініңдер. Қазақстанның таулы аймақтары көрсетілген картаға Сарыарқа, Мұғалжар, Маңғыстау, Алтай, Тянь-Шань, Жетісу Алатауларының суреттерін жапсырыңдар. Ол таулар туралы білетіндеріңді айтыңдар.



### ЕСТЕ САҚТА!

Сарыарқада ұсақ шоқылы, аласа таулар бар. Мұғалжар таулары — аса биік емес, тастақ таулар тізбегі. Жетісу Алатауының ең биік нүктесі — 3580 м. Маңғыстау тауларына Қаратаудың батыс, шығыс жоталары жатады.

# Тауда түнедік

3-4-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Өзің білетін тау туралы шағын мәтін құра.

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мақал-мәтелдердің мағынасын түсініп оқы. Теңеу сөздерді тап. Мақал-мәтелдердің мазмұнына сай келетін суреттерді анықта.

1. Асқар тау алыстан көрінеді.
2. Асқар таудай алып бол,  
Аппақ күндей жарық бол.
3. Таулы жердің қыраны көп.
4. Биік таудың басы — қыс, бауыры — жаз.





## ТЫҢДАЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Не түсіндің? Мәтіннің жалғасы қандай болуы мүмкін?

### МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тыңда. Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын сөздіктен қара. Теңеу сөздерді анықта.

Біз Алакөлдегі Еспембет сайына бардық. Сайды **өрлеп**, жоғарыға **көтерілдік**. Айнала — қалың шыршалы биік таулар, **тік** жартастар мен **мұздықтар**. Ауа тап-таза. Салқын самал жел соғып тұр. Алыстан Жетісу Алатауының **қарлы** шыңдары көрінеді. **Асқар** таулы **мұздықтар** аспанмен **тілдескендей**. Күн қызарып көтеріліп, айналаға нұр шашады. Айнала — көк майса қалың шөп.

Таудың **етегінде** жабайы алма мен жидек **тұнып тұр**. Ертегідегідей ғажайып көрініс!

Біз тауда қызғалдақ тердік, доп ойнадық. Кешке қарай алау жағып, тамақ пісірдік. **Шіркін**, далада ішкен тамақтың дәмі де ерекше екен! Ша-тыр құрдық. Тауда екі күн **түнедік**. Маған тауда түнеген керемет ұнады.

Сен тауда түнеп көрдің бе?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Сөйлемнің жалғасын тап, мағынасына қарай сәйкестендір.

- |                          |                           |
|--------------------------|---------------------------|
| 1 Сайды өрлеп            | а қарлы шыңдары көрінеді. |
| 2 Жетісу Алатауының      | ә жоғарыға көтерілдік.    |
| 3 Асқар таулы мұздықтар  | б алма тұнып тұр.         |
| 4 Таудың етегінде жабайы | в аспанмен тілдескен.     |

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінде жоқ, артық ақпаратты тап. Түсіндір.

№	ақпарат	артық
1	Бірақ Алакөлге барған жоқпыз.	
2	Тау суық болғандықтан, түней алмадық.	
3	Тауда жабайы алма мен жидек тұнып тұр.	
4	Алыстан Жетісу Алатауының қарлы шыңдары көрінеді.	

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Суреттердің мазмұнына сай келетін сөздерді айтып, шаттанған сезімдеріңді білдіріңдер.

Ертегідегідей ғажайып көрініс!

Дәмі де ерекше екен!

Маған тауда түнеген керемет ұнады!



## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Олар қайда барды?
2. Айналада не бар?
3. Таудың ауасы мен табиғаты қандай?
4. Алыстан не көрінеді?
5. Таудың етегінде не тұнып тұр?
6. Олар тауда не істеді?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.

Шіркін, өрлеу, көтерілу, мұздық, қарлы, асқар, тілдескен, түнеу, етегінде, тұнып тұр.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

**Қажетті сөздер:** шыңдары, аспанмен тілдесіп, самал жел, нұр шашады, ғажайып, жартастар, көк майса.

Айнала — қалың шыршалы биік таулар мен ... . Тау үстінде салқын ... соғып тұр. Алыстан Жетісу Алатауының қарлы ... көрінеді. Бұл таулардың сілемдері ... кеткендей көрінеді. Күн айналаға ... . Айнала — ... қалың шөп. Тауда жабайы алма мен жидек тұнып тұр. Ертегідегідей ... көрініс!

## АЙТЫЛЫМ

### 11-тапсырма. Жұптық жұмыс. Сұрақтарды пайдаланып, диалог құрыңдар.

1. Тау туралы қандай мақал-мәтел немесе қанатты сөз білесің?
2. Сен кімді биік тауға теңер едің? Неліктен?
3. Тауға саяхатқа бардың ба?
4. Сабақта сөз болған таулардың біріне саяхат жасайтын болсаң, қайсысын таңдар едің? Неге?

### ЕСТЕ САҚТА!

Сайды өрлеп, жоғарыға көтерілдік. Айнала — қалың шыршалы биік таулар, тік жартастар мен мұздықтар. Қарлы шыңдар көрінеді. Асқар таулы мұздықтар аспанмен тілдескен. Таудың етегінде алма тұнып тұр. Ертегідегідей ғажайып көрініс! Тауда түнедік.

# Толағай тауының тарихын айтышы

5-6-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАҢА СӨЗДЕР

*абайсызда, гүрілдеп, селдей, көшкін, белгілейді, үгіледі, бұзылады, аңыз, арқасына салу, қуаңшылық, тайғанайды*

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қандай да бір таудың пайда болуы туралы аңыз білесің бе?
2. Толағай тауы туралы аңызбен таныссың ба?

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Жинақтық сан есім

Жинақтық сан есім заттың жинақталған санын білдіреді. «Нешеу?» деген сұраққа жауап береді. Қазақ тілінде жеті жинақтық сан есім бар. Олар есептік сан есімге -ау, -еу жұрнақтары жалғану арқылы жасалады: *біреу, жетеу*.

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Есептік сан есімдерді жинақтық сан есімдерге айналдыр.

Екі, үш, төрт, бес, алты.

### АЙТЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Тақырып қой. Не себепті бұлай қойғаныңды түсіндір. Ақын Толағайды қалай сипаттаған?

Тау жақындап қалды келіп,  
Бұйраланған бұлт еңсеріп,  
Таңданысты көрген адам.  
Әлден кейін танылды анық:  
«Толағай!» — деп, шулап халық,  
Қуанбаған қалмады жан.

Құйды жаңбыр, сел боп ақты,  
Күн күркіреп, шатырлатты,  
Күйген жердің кірді жаны.  
Шөлдегендер суға қанды,  
Ауыл қайта ажарланды,  
Тарқады елдің бір құмары.

Ә.Тәжібаев

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**4-тапсырма.** Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта. Мәтіннен Толағай сипатталған бөлікті тауып, оқы. Оқиға желісіне сүйеніп, оның батырлығын сипатта. «Саржан» деген аңшының әйелі – Айсұлу ұл тауыпты. Балаға «Толағай» деген ат қойыпты.

Толағай күн санап өсіпті. Төрт жасында ол нағыз батырға айналыпты. Әкесімен бірге аңға шығып, «атақты аңшы» атаныпты.

Бір жылы жаңбыр жаумай, **қуаңшылық** болады. Толағай анасынан:

— Жаңбыр қай жерге көп жауады? — деп сұрайды.

— Тарбағатай тауында жаңбыр көп жауады, — дейді анасы.

Толағай Тарбағатай тауларына барады. Бір тауды **арқасына салып** көтереді. Ұзақ жүреді. Бірақ шаршамайды.

Адамдар жақындап келе жатқан үлкен тауды, оны көтеріп келе жатқан Толағайды көреді. Сол кезде жаңбыр жауады. Халық: «Толағай!» — деп айғайлап, қуанады.

Толағай шаршайды. **Абайсызда** аяғы **тайғанап**, құлайды. Толағай таудың астынан шыға алмай қалады. **Гүрілдеп** тау жылайды. Оның көз жасы **селдей** ағады. Содан бері бұл тау «Толағай» деп аталады.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Толағай — кім?
2. Толағайдың ата-анасының аты — кім?
3. Тауды кім, не үшін көтеріп келді?
4. Халық та, тау да не үшін қайғырды?
5. Оның қандай адам екенін дәлелде.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта.

**Сұрақтарға жауап бер.**

Биік тауларда қар мен жаңбыр көп жауғанда көшкін болады. **Көшкін** Алтай, Батыс Тянь-Шань, Іле Алатауы мен Жетісу Алатауының жоталарында болады. Сондықтан мамандар көшкін болатын жерлерді **белгілейді**. Көшкін болғанда тау-тас **үгіледі**. Тау жолдары **бұзылады**.

- Тауда көшкін қай кезде болады?
- Қазақстанның қандай тауларында көшкін болады?
- Көшкін кезінде не болады?

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Толағайдың ерлігіне қатысты сөз тіркестерін тап. Осы тіркестерді пайдаланып, Толағай туралы мәтін құрап жаз.

*Үлгі: Толағай — нағыз батыр бала. Себебі ол үлкен тауды көтеріп келді.*

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Сұхбатты оқып, орыс тіліне аудар.

- Сәлем, Жанар!
- Сәлем, Жарас!
- Жанар, сен Толағай туралы аңызды білесің бе?
- Жоқ, мен Толағай туралы естімедім. Сен ше?
- Мен естідім, бірақ оқыған жоқпын.
- Оқып болған соң кітабыңды маған берші. Толағай туралы ертегіні таба алмадым.
- Жақсы. Оқығың келсе, берейін.
- Көп рақмет!

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Сұраққа жауап бер.

- Қазіргі кезде Толағай сияқты батырлар бар ма?
- Бүгінгі заманның батырлары – кімдер?
- Сенің ойыңша, батыр қандай болуы керек?

## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

- Жауын қай жерде көп жауады?
- ...
- Толағай жауынды қалай әкелді?
- ...
- Халық не үшін қуанды?
- ...
- Толағай кім үшін батырлық жасады?
- ...

## ЕСТЕ САҚТА!

Абайсызда құлап қалады. Тау гүрілдейді. Көз жасы сел болады. Көшкін болатын жерлерді мамандар белгілейді. Тау үгіледі, жол бұзылады.

# М. Мақатаев — ақиық ақын

7-8-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

дарынды, ақиық, жолығады, арнаған,  
толғанып, әннің тууы, жырлаған, асыл  
сезім

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС



## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақтың қандай дарынды ақындарын білесің?
2. Мұқағали Мақатаев туралы не білесің?
3. Ақынның қандай өлеңімен таныссың?


## ТЫҢДАЛЫМ

### 2-тапсырма. Мәтін кім туралы? Түсінгеніңді айт.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 3-тапсырма. «Ақиық» сөзінің мағынасын түсініп оқы.

1. Ақиық — бүркіт тұқымдасына жататын қыран құс. Ақиық Алматы облысының аудандарын мекендейді.
2. Ауыспалы мағынада 1. «тау шыңындай биік, тұлғалы адам»; 2. «сезімтал, зерек, үлкен дарын иесі» дегенді білдіреді.



## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

#### 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Мұқағали — лирик ақын. Адам жанының, табиғат жүрегінің жыршысы. Туып, өскен жері – Алатау мен Қарасазды көп жырлаған. Халық арасында тараған әні көп. Олар: «Есіңе мені алғайсың», «Құттықтаймын, мама, туған күніңмен!», «Тоқта, балам!», «Саржайлау» т. б.

Бірде Нұрғиса Тілендиев Мұқағалимен бірге ақынның ауылы — Қарасазға демалуға барады. Екеуі жайлаудың төрінде отырады. Жайлау табиғатының сұлулығына тәнті болған композитор: «Неге мына жасыл жайлау туралы ән шырқамасқа! «Нағыз Саржайлау» — мына жатқан Шалкөденің төсі емес пе!?» — дейді.

Сол жерде Мұқағали Саржайлауға арнап өлең жазады.

*«Алматы ақшамы» газетінен*

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 5-тапсырма. Мәтінді оқып, өлеңнің туу себебін өз сөзіңмен түсіндір.

өлеңнің аты	өлеңнің туу себебі
«Саржайлау»	

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 6-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздерге тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

Мұқағали туған жері – Қарасазды сөз (құдіреті) бөлеген. Анасын түсінде ұлы Абаймен бірге көруі «Шеше, сен бақыттысың!» деген өлеңінің (тууы) себеп болған. Мұқағали табиғатты, адам жанын нәзік (сезім) жырлаған.

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 7-тапсырма. «Тілші» ойыны. Бірің ақын, екіншің тілші болып, әннің тууы туралы сұхбат құрыңдар.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтінді оқып, әннің шығу тарихы туралы айт. Мәтіннен қосалқы ақпаратты тап.

Бірде Мұқағали, композитор Нұрғиса мен әйелі Дариға — үшеуі шай ішіп отырады. Композитор көңілденіп, әйеліне: «Дариға, домбырамды берші маған!» — дейді. Бұл сөз Мұқағалиға әсер етіп, сол бойда әсем өлең шығарады.

Әнін Нұрғиса жазады. Сөйтіп, тамаша ән дүниеге келеді.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Мұқағали Мақатаевтың балалық шағы қалай өткен?
2. Мұқағалидың жырлары кімдерге арналған?
3. Ақын кімнің тәрбиесінде болған?
4. Ақынмен шығармашылық байланыста болған композитор Н. Тілендиев естелігінде не дейді?
5. «Саржайлау» әні қалай туған?

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** М. Мақатаевтың екі өлеңі қалай туғанын айтып бер. Тірек сөздерді пайдалан. Реттік сан есімдерді қолдан.

**Тірек сөздер:** ақын, композитор, жолығады, әннің тууы, жазады.

**Үлгі:** М. Мақатаевтың бірінші өлеңі «Саржайлау» өлеңінің туу ... .

### ЕСТЕ САҚТА!

Мұқағали — лирик ақын. Ол қазақтың ұлы даласын, көкмұнар тауларын, қара орманын нәзік сезіммен жырлаған.

# М. Мақатаев

## «Мен таулықпын»

9-10-  
сабақтар

### ЖАҢА СӨЗДЕР

*алып жүрек, таулықпын, еміп,  
ержеткенмін, қуат алып,  
жаратылғам, бүркеніп, жай  
оты, бесік, желпиді*

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Тауға арналған қандай өлең-жырларды білесің?
2. Тауға шыққанды ұнатасың ба? Неге?
3. Тауға шыққанда қандай сезімде болдың?

### ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Сөздерді орыс тіліндегі нұсқасымен қатар оқы. Осы сөздерді қатыстырып, сөз тіркесін құра.

алып жүрек — крепкое богатырское сердце  
таулықпын — я горец  
ержеткенмін — вырослел  
қуат алып — получив энергию  
жаратылғам — родился (быть рожденным, родиться)  
бүркеніп — прикрываясь  
жай оты — искры молний  
бесік — колыбель  
желпиді — обмахивает

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Есептік сан есімдерді реттік сан есімдерге айналдыр.

Мұқағали — Қарасаздан шыққан (бір) ақын. Ақынның (бір) әні Қарасаздағы Саржайлауда туған. (Бір) және (екі) әндерінің шығуы композитор Нұрғиса Тілендиевпен байланысты.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**3-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Ақын өзін қандай сөздермен сипаттайды. Өлеңнен мысал келтіріп, дәйекте. Жаттап ал.

**Мысалы:** Ол «таудан жаратылған». Себебі ол таулы жерде туған. Тауды бар жанымен сүйеді.

### Мен таулықпын

«Тау» дейтін алып жүрек ана туған  
Мен таулықпын!

Таудан мен жаратылғам.

Киіктің сүтін еміп ержеткенмін,

Қуат алып қыранның қанатынан.

Мен таулықпын!

Таудан мен жаратылғам.

Бұлт бүркеніп, жай отын ала туғам.

Күн алғашқы сәулесін маған шашып,

Маған келіп түнейді қара тұман.

Тау ұлымын,

Тау — менің дәу бесігім.

Мен оның әуресімін, сәулесімін.

Асқар шыңдар желпиді бесігімді

Бір орамын ағытып сәлдесінің.

Мен таулықпын!

Таудан мен жаратылғам.

«Тау» деген ана туған дара тұлғам.

...Тауға барып көкке ұшып кетсем бе  
екен

Ұстап алып қыранның қанатынан?!

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Төмендегі зат есім сөздерге -дай/-дей, тай/-тей, -лы/-лі жұрнақтарының тиістісін жалғап, сын есім жаса.

Үлгі: аспан — аспан+дай — аспандай

Тау, қыран, киік, бұлт, шың, құлыншақ.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Суретке қарап, сұрақтарға жауап бер.

1. Қыран құсты «таулық» деп атауға бола ма?
2. Қыран құсқа қандай қасиет тән?
3. Ақынды қыран құсқа теңеуге бола ма?



## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Жақша ішіндегі сөздердің қажеттісін таңдап, жаз.

Ақын қыранның қанатынан (су алады, гүл алады, қуат алады), қыранның қанатынан (жата қалып, ұстап алып, бере салып) көкке ұшады. Ол таудан (жаратылған, аяқтанған, сұраған), киіктің сүтін (көріп, еміп, сөйлеп) ержеткен. Ақын бұлтты (ашып, жауып, бүркеніп), жайдың отын алып туған. Тау — ақынның дәу (бесігі, төсегі, орны). Асқар шыңдар бесігін (қағады, аялайды, желпиді).

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, диалог құрыңдар.

1. Ақын неге өзін «таулықпын» деп атайды?
2. Тауды неге теңейді?
3. Ақын өзін қалай сипаттайды?
4. Тау ұлында қандай қасиет болуы керек?
5. Өлеңде тау ұлының қандай қасиеті сипатталған?

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### 8-тапсырма. <https://vk.com/video> сайтынан «Мен таулықпын» мультфильмін көр. Айбардың бойынан тау ұлына тән қандай қасиетті байқадың?

## ЕСТЕ САҚТА!

Мұқағали тау туралы өлең жазды. Ол өзін таудың ұлы деп санайды.

# Мұзтауға бардың ба?

11-12-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

үңгір, бұғы шаруашылығы,  
жер кіндігі, тоғысу, кенді,  
адемілік, біресе

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сөздікке сүйеніп, сөздерді орыс тіліне аудар.

Аңыз, шың, қарағай, ну, өсімдіктер дүниесі, жануарлар әлемі, бұғы шаруашылығы, жер кіндігі, сілемдер, ерге ұқсау, тоғысу, өріс, жан сарайы, түзеу, сарқырама, шипалы, емдік қасиеті, нүктесі.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер. Дәлелде.

1. «Жер кіндігі» дегенді қалай түсінесің?
2. Дүниежүзінде қандай атақты сарқырамалар бар?
3. Қазақстанның картасына қарап, Алтайға географиялық сипаттама бер.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Сөздердің синонимдерін жаз.

сөз	синонимдері
Жаратушы	Тәңір, Алла, Құдай
ну	
тоғысу	
қасиетті	
шипалы	
атақты	
ғажап	
ежелгі	

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Дәлелде.

Алтайдағы қасиетті орындардың бірі — Мұзтау (4506 м.). Мұзтау — Алтай тауының ең биік шыңы. Үндінің қасиетті аңыздарында Мұзтауды «төрт мұхиттың кіндігі» деп сипаттайды. Шынында да, Мұзтау Солтүстік мұзды мұхит, Тынық мұхит пен Үнді мұхит сияқты үш мұхиттың дәл ортасында орналасқан. Ежелгі жазбаларда ол «Жер кіндігі» деп аталады.

Мұзтауда ежелгі адамдар өмір сүрген үңгірлер, түркі заманынан қалған ескерткіш көп. Ең терең үңгір «Экологиялық» деп аталады. Оның ұзындығы — 3 шақырым, ал төмен қарай 345 метрге созылған. Ары қарай жерасты өзені басталатындықтан, зерттелмеген.

Жер шарының энергетикалық өрісі Мұзтауда тоғысқан. Оның энергетикалық өрісі ғарышпен байланысты. Келген адамдарға Мұзтау күш береді, денсаулығын түзейді. Адамдар біресе Мұзтаудың **әдемілігіне** қызығады, **біресе** қасиетіне таңғалады.

«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап бер.

сұрақтар:	тірек сөздер:
Алтайдың табиғаты қалай суреттелген?	аңыздар мекені, Тәңір, ну, көркемдігі, биік, таңғажайып, мекендейді
Мұзтаудың қасиеті неде?	«Жер кіндігі», энергетикалық өріс, емдік, жан сарайы, түзеу, ғарыш



## ТЫҢДАЛЫМ

### 6-тапсырма. Тыңдап, мазмұнда. Мәтінмен байланысы бар ма?

Кенді Алтай табиғаттың бар сұлулығын бойына жинаған. Алтайдың әдемілігіне сөз жетпейді! Биік шыңдары, ну орманы, таңғажайып өсімдіктері мен жан-жануарлары қандай!? Алтайда бұлан, марал, елік, қоңыр аю, сілеусін, бұлғын, қара күзен, кәмшат, тиін, түлкі мекендейді. Құстардың 100-ден аса түрі кездеседі. Онда бұғы шаруашылығы да бар.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

**7-тапсырма.** Алтайдың табиғаты мен байлығы туралы ақпарат жинап, Алтай туралы полилог құрыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** «Қазақстан — таулар мекені» деген тақырыпта эссе жаз. Эссе 30–40 сөзден құралсын.

### Кіріспе

Тақырыпты ашу:

- «тау» деген ұғымға анықтама бер;
- таулардың табиғаттың бір бөлшегі екенін дәйекте;
- тауларға қатысты өз пікіріңді жеткіз.

### Негізгі бөлім

Таулардың маңызын негіздеу үшін:

- таулардың маңызын көрсет;
- таулардың адам өміріндегі маңызын негізде;
- таулардың маңызын мақал-мәтел не қанатты сөзбен дәйекте;
- Қазақстан таулары туралы нақты мәліметтер келтір.

### Қорытынды

— «Қазақстан — таулар мекені» деген тұжырыммен не себепті келісетініңді не келіспейтініңді негізде.

### ЕСТЕ САҚТА!

Алтай — аңыздар мекені. Мұзтау — «Жер кіндігі», Алтай тауының ең биік шыңы. Мұзтау Солтүстік мұзды мұхит, Тынық мұхит, Үнді мұхитының дәл ортасында орналасқан.

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13-  
сабақ

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттерге қарап, тауларды салыстыр. Әр таудың ерекшелігін еске түсіріп, сипатта.



Хантәңірі шыңы



Жетісу Алатауының оңтүстігі



Сарыарқаның ұсақ шоқылы таулары



Мұғалжар таулары

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**2-тапсырма.** <https://www.Youtube.com> сайтынан Әбділда Тәжібаевтың «Толағай» поэмасы бойынша түсірілген мультфильмді көріңдер. «Толағай тауының тарихын айтшы» мәтінімен салыстырыңдар. Мультфильмдегі қандай оқиғалар мәтінде айтылмаған?

1. Мерген аға аңнан келе жатқанда балалар неге сүйінші сұрайды?
2. Мерген аға сүйіншіге не береді?
3. Аңнан келе жатқанда Толағай әкесін неден құтқарады?
4. Анасы Толағайға Тарбағатайда қандай тау бар екенін айтады?
5. Толағай ол тауға не үшін аттанады?

## ЖАЗЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Толағайдың басынан өткен оқиғаларды ретімен жазып, мультфильмге жоспар құр.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Топтық жұмыс. «Қазақстан тауларына саяхат» ойыны. Алты топқа бөлініп, Қазақстанның таулы аймақтарына саяхатқа шығындар. Әр топ өздері барған тауларын таныстырып, тұсаукесер жасасын.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** <http://12-music.ru> сайтынан Мұқағали Мұқатаев туралы бейнефильмді көріп, сыныпта түсінгендеріңді айтындар.

### БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

«Ал!» — десе, аясына алады Алтай,  
Көргенде көңілге күй салады Алтай.  
Сұлудай торғын киіп, бұлт жамылып,  
Арқаға әлденеше қарады Алтай.

*Иса Байзақов*



## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суретке қарап, бүгінгі тақырып не туралы болатынын болжап жаз.



## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Диалог. Досыңмен өздерің тұтынатын энергияның түрлері жайында әңгімелес.


### ТІЛДІК БАҒДАР

#### Есімдік және оның түрлері

**Есімдік** — зат есім, сын есім, сан есімдердің орнына жұмсалатын сөз табы. Есімдіктің мағынасы алдындағы сөйлемге байланысты анықталады.

Мағыналарына қарай есімдіктер мынадай топтарға бөлінеді:

1. жіктеу есімдіктері (*мен, сен, ол, біз, сендер, сіздер, олар*);
2. сілтеу есімдіктері (*бұл, анау, мынау, сонау, сол*);
3. сұрау есімдіктері (*кім? не? қанша? қашан? қайда?*);
4. өздік есімдіктері (*өз*);
5. белгісіздік есімдіктері (*біреу, әлдекім, әлдене*);
6. болымсыздық есімдіктері (*ешкім, ешқашан, ешқайда*);
7. жалпылау есімдіктері (*бәрі, барлығы, күллі, түгел*).



## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтінді оқы. Кестеге сүйеніп, қою қаріппен жазылған есімдік түрлерін ажырат.

Қазақта «Табиғат-ана» деген ұғым бар. **Бұл** сөз «адам табиғат аясында өмір сүреді» дегенді білдіреді. Табиғат байлығы тұрғындардың жақсы, жайлы өмір сүруіне мүмкіндік береді. Адам **өз** әрекеті арқылы табиғатқа әсер етеді. Адамның **кейбір** әрекеті табиғатқа зиян келтіреді. **Оны барлық** адам сезіне бермейді. Сондықтан **бірқатар** елдерде «Жасыл экономика» саясаты жүргізіледі.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

### МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 5-тапсырма. Мәтінді тыңда, оқы.

XX ғасырда пайда болған «Жасыл экономика» табиғи қорды тиімді пайдалануға, оны сақтауға бағытталған. Қуат көзін не энергияны үнемдеу үшін экологиялық қауіпсіз, арзан технологияларды қолдану керек. Соның есебінен болашақта көптеген нәтижеге қол жеткізуге болады. «Жасыл экономиканың» халықты жұмыспен қамтуда да пайдасы көп. Баламалы энергетиканы табу керек.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтіндегі термин сөздерді теріп жаз. Сөздікті пайдаланып, олардың мағынасын анықта.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар жаз. Тірек сөздерді анықта. Жоспар бойынша түсінгеніңді айт.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Мәтінге қатысты ақпараттың дұрыстығын анықта.

№	ақпарат	иә	жоқ
1	Қуат көздерін үнемдеу керек.		
2	Адам табиғатпен тығыз байланыста өмір сүре алмайды.		
3	Адамның әрекеті табиғатқа зиян емес.		
4	Энергияны үнемдеу қажет.		
5	«Жасыл экономика» табиғи ресурстарды үнемді пайдалануға арналған.		
6	Баламалы энергетиканы табу қажет.		

### МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді пайдаланып, мәтінде не туралы айтылғанын баянда. Есімдіктерді қолдан.

**Тірек сөздер:** баламалы энергетика, қоршаған орта, өндіру, сарқылмайтын энергия, биогаз, геотермальді энергетика, найзағай энергиясы, ғарыштық энергия.

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Жағдаят: інің баламалы энергетика туралы сұрады. Інің түсіндір. Сынып ең үздік диалогті анықтасын.

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Кестені қазақ тіліне аударып жаз.

Источник		Загрязнение	Ресурсы
невозобновимые	уголь	да	ограничены
	нефть	да	ограничены
	природный газ	да	ограничены
	ядерная энергия	да	ограничены
возобновимые	ветер	нет	неограничены
	солнечная энергия	нет	неограничены
	энергия моря	нет	неограничены
	геотермическая энергия	нет	неограничены
	биомасса	зависит от вида	возобновляемые

### ЕСТЕ САҚТА!

«Баламалы энергетика» дегеніміз — қоршаған ортаға тигізетін зияны өте аз, шығыны жоқ, үнемді пайдалануға тиімді энергетика. Ол жеңіл өндіріледі. Ол «сарқылмайтын энергия» деп аталады. Баламалы энергетикаға жел энергиясы, биогаз, найзағай энергиясы, су энергиясы, ғарыштық энергия және т. б. жатады.

# Электр энергиясын үнемдейміз

3-4-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

отын, сұраным, көмір,  
өш, балауыз, есептеуіш,  
тұтынушы, тұрғын

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суретпен сәйкестендіріп, сөйлем құра.

Жиырманшы ғасыр —



м<sup>3</sup> табиғи газ өндірілді.

Екі мың оныншы жылы  
бес жүз отыз бес мил-  
лиард



үш жүз миллион тонна  
көмір өндіріледі.

Әлемде жыл сайын



экологияны сақтау  
ғасыры.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** «Броун қозғалысы». Оқушылардың баламалы энергетиканың қандай түрлерін білетінін анықта. Қажетті ақпаратты жинап, кестені толтыр. Кім ақпаратты көп әрі тез жинаса, сол жеңімпаз болады.

Аты-жөні	Баламалы энергетиканың қандай түрлерін біледі?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Өлеңді оқы. Ақынның негізгі ойын анықта. «Өз елім» деген сөз тіркесінің мағынасын таратып айт.

Өз елім менің!

Өзегім менің!

Жырыма қосып жүремін.

«Төрім! — деп, — менің»,

«Жерім! — деп, — менің»

Соғады мәңгі жүрегім!

Қ. Мырза Әлі

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Үлгіге қара. Төмендегі сөздердің қайсысына қосымша жалғауға не емес/жоқ сөздерін тіркестіруге болады.

**Үлгі:** үнемдеу — үнемдемеу / үнемдеген жоқ/ үнемдеген емес / үнемдемеген. үнемдеу, сарқылу, отын, сұраным, көмір, өш, есептеуіш, кім, пайдалану, тұтынушы, қашан.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Оқы.

XXI ғасырды электр құрылғыларынсыз (компьютер, теледидар, телефон, тұрмыстық техника және т.б.) елестете алмаймыз. Сондықтан **тұрғындардың** өмір сүруі үшін керекті **қуат көзінің** бірі — электр энергиясы. Жыл сайын оған деген **сұраным** артып келеді. Тұтынушыларды электр энергиясымен толық қамтамасыз ету әлемдегі басты мәселеге айналды. Электр энергиясын өндіру үшін күніне мыңдаған тонна **көмір** мен мұнай жағылады. Мұндай **отынның** табиғатқа зияны өте көп. Пайдалы қазбалар азайып, ауа мен су ластанып, орман кесіліп жатыр.

Қазір бүкіл әлем энергия өндірудің жаңа әдісі мен үнемдеу жолын іздестіріп жатыр. 2017 жылы Астана қаласында «Болашақ энергиясы» деген тақырыппен «ЭКСПО-2017» көрмесі өтті. Көрмеде энергия өндірудің тиімді, арзан, табиғатқа зияны аз болатын жаңа технологиялары көрсетілді.

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Өздік және болымсыздық есімдіктері

Қазақ тілінде **өздік есімдігіне** жалғыз ғана **өз** сөзі жатады. Бұл есімдік көбінесе **өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріңіз** деген сияқты тәуелдеулі түрде қолданылады.

**Болымсыздық есімдіктері** кейбір есімдіктердің **еш** деген сөзбен бірігуі арқылы жасалады. Мысалы: *ешкім, ешбір, ештеме, ешқашан, ешқандай, ешқайсысы*. Болымсыздық есімдіктері сөйлемде емес (*ешкім айтқан емес*), жоқ (*ешкім айтқан жоқ*) деген сөздермен, болымсыз тұлғадағы етістікпен байланысады (*ешкім айтпады*).

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіндегі жаңа сөздерді тіркесетін сөзімен бірге теріп жаз. Сөздіктің көмегімен мағынасын анықта.



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді қолданып, мәтіннен негізгі және қосалқы ақпаратты анықта.

**Тірек сөздер:** тұтынушылар үшін, ең оңай әдіс, шамның түймесін басу, есептеуішті қарау, қаржысын үнемдеу, электр энергиясының бағасы, үлес қосу.

Мәтінде төмендегі суреттердегі заттардың қайсысы туралы сөз болды?



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Суреттегі заттардың атын сәйкестендіріп жазыңдар. Олар не үшін пайдаланылады? Оларды тұтынған кезде электр энергиясын қалай тиімді пайдалануға болатыны жайында әңгімелесіңдер. Диалогті бастау, жалғастыру, аяқтауға қатысты сөз орамдарын (сәлем, білесің бе? айтшы, солай ма? түсіндірші, рақмет және т.б.) қолданыңдар.



шашкептіргіш



шәугім



балауыз



шаңсорғыш



үтік

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

**9-тапсырма.** Жағдаят: ата-аналарыңнан үйде ай сайын қанша электр энергиясы жұмсалатын туралы біліп алыңдар. Тұрмыстық техниканың қай түрі электр энергиясын көбірек «жейді»? Токты үнемдеу үшін не істеу керегін жазыңдар.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Сурет бойынша екі шамның диалогін құрыңдар. Алдымен дереккөздерден олардың пайдасы мен зияны туралы ақпарат жинаңдар. Диалогте өздік, болымсыздық есімдіктері бар 2 мақал-мәтел қолданыңдар.



## ОҚЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Жұмбақтарды оқы. Шешуін тап.

1. Төбемізде тұрағы,  
Пайдасы мол ұққанға.  
Түнде жанып тұрады,  
Сөнеді күн шыққанда.

3. Қызып кетсе табаны,  
Бар жалғыз-ақ алаңы.  
Бар жалғыз-ақ шатағы:  
Іздей бастар матаны.

2. Аязға толы жәшігім,  
Ішінен тамақ тасыдым.

### ЕСТЕ САҚТА!

Электр энергиясын үнемдеудің қарапайым жолы бар. Ол үшін босқа жанып тұрған электр шамдарын өшіру керек не кәдімгі шамдарды энергия үнемдегіштермен алмастыру қажет. Сол арқылы ата-анамыздың қаржысын да үнемдейміз.

# Жел энергетикасы

5-6-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

жап-жарық, ылғи, жан,  
жылыт, жұмса

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Табиғатта желдің маңызы қандай?
2. Жел туралы қандай мақал-мәтел білесіңдер?
3. «Жел энергетикасы» деген тіркесті естідің бе? Ол — не?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Кестеде қай сөз бірнеше рет қайталанып тұр? Ол — табиғат құбылысының атауы. Сонымен бірге бұл кестеде тақырыпқа қатысты 6 сөз бар. Сол сөздерді тауып, шағын мәтін құра.

ж	а	н	ж	е	л	о	ж	е	л
т	а	б	и	ғ	а	т	ө	н	е
р	і	ж	е	л	э	к	о	л	о
г	и	я	к	ө	п	ж	е	л	а
ж	е	л	п	а	й	д	а	л	ы

### АЙТЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерге сүйеніп, Қазақстандағы желді аймақтарды анықта. Оларды дәптеріңе жазып, картадан көрсет. Өз ойыңды дәлелде.

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 4-тапсырма. Суреттің сабақтың тақырыбымен қандай байланысы болуы мүмкін? Болжап жаз.



## ТІЛДІК БАҒДАР

### Белгісіздік есімдіктері

Белгісіздік есімдіктері — заттар мен құбылыстарды нақты білдірмей, белгісіз мәнде айтатын сөздер.

Белгісіздік есімдіктерінің жасалуына «бір», «әр», «әлде» сөздері ұйытқы болады. Белгісіздік есімдіктері осы сөздердің есімдіктермен бірігуі арқылы жасалады. Мысалы:

- 1) *біреу, кейбіреу, кейбір, қайсыбір, әрбір, бірнеше, бірдеме;*
- 2) *әркім, әрне, әрқайсысы, әрқалай;*
- 3) *әлдекім, әлдене, әлдеқайдан, әлденеше, әлдеқалай, әлдеқашан* т.с.с.

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Сөйлемдегі көп нүктенің орнына керекті сөздерді (белгісіздік есімдіктерін) қойып, көшіріп жаз. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта.

**Керекті сөздер:** бірнешеу, кейбір, әлденеше, қайсыбір.

Қазір Қазақстанның ... аймақтарында басында **үш қанатты** желдеткіші бар **бағандар** кездеседі. ... жерлерде олардың он шақтысы қатар тұрады. Олардың саны ... болса, ол жерде желдің күші жоғары болғаны. Себебі бұлар — жел энергетикасының **құрылғылары**. Олардың желдеткіштері ылғи айналып тұрады. Бұл бағандар ... елді мекендерді жылытып, **жап-жарық** етеді.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Құрамында белгісіздік есімдіктері бар 2 мақал-мәтел, 1 жұмбақ тауып айт.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**7-тапсырма.** Мәтінді оқы. Конспект жаз.

Еліміз арзан электр энергиясын іздеуді мақсат етеді. Желдің күшімен өндірілетін электр қуаты халық шаруашылығына жұмсалады. Желдің күшімен алынатын электр энергиясы үйлерді жылыту, жап-жарық ету үшін пайдаланылады.

Жел энергиясының басқа энергия көздерінен экологиялық және экономикалық артықшылығы көп. Жел энергетикасы қондырғыларының технологиясын жетілдірсе, оның тиімділігі артады. Республиканың кейбір су электр стансылары мен жел электр стансыларын біріктіріп, электр

энергиясын өндірген өте тиімді. Қыс айларында желдің күші көбейсе, жаз айларында азаяды. Ал су, керісінше, қыс айларында азайса, жаз айларында көбейеді. Сөйтіп, энергия өндіруді біршама тұрақтандыруға болады. Бұл — өте зор энергия көзі.



## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Оқы. Мәтін мазмұны бойынша ұсынылған жоспарды өзгертіп жаз.

- Тиімді жол
- Жел энергиясының артықшылықтары
- Ең арзан энергия
- Жел энергиясы халық-шаруашылықта

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, дәстүрлі және баламалы энергетиканы салыстыр. Венн диаграммасын толтыр.

## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Сандық мәліметтерді қолданып, ақпаратты мазмұнда.

**Сандық мәліметтер:** 2020 жылы; тұтыну деңгейінің 12%-ы, 1,4 миллион жұмыс орны; 1,5 миллиард тонна.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** «Ойшыл қалпақтар». «Жел энергетикасы біздің өмірімізде» деген тақырыпта 6 оқушы 6 түрлі қалпақ киіп, пікірлерін білдірсін.

ойшыл қалпақтар	ойшыл қалпақтардың қызметі:	сұрақтары:
	Жел энергетикасының маңызын санамалап айтады.	Жел энергетикасының маңызы қандай бар?
	Жел энергетикасының басқа қуат көздерінен артықшылықтарын айтады.	Жел энергетикасының артықшылығы неде?
	Жел энергетикасын өндіруге қатысты кемшіліктерді айтады.	Жел энергетикасының қандай кемшілігі бар?
	Жел энергетикасының тиімділігі туралы айтады.	Оны тиімді ету үшін не істеу керек?
	Жел энергетикасын қолдануға қатысты өз эмоциясын білдіреді.	Айтылған ойларға қатысты өз ойың, ұстанымың қандай?
	Бақылап, қорытындылау: айтылған ойларды сараптайды, талдайды.	Айтылған ойлардан қандай қорытынды шығаруға болады?

### ЕСТЕ САҚТА!

Жел энергетикасы — ең тиімді қуат көзі. Оның артықшылығы көп. Жел энергетикасын халықшаруашылықта қолданған жөн. Қазақстанда жел энергетикасын басқа қуат көздерімен кешенді түрде пайдалануға болады.

# Мағжан Жұмабаев – қазақтың ұлы ақыны

7-8-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР


жалға, жетеле, соқ, мазмұн

## АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Алаш, Алашорда үкіметі, «Алаш» партиясы туралы естідің бе?
2. Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев туралы білесің бе?
3. Өлең жазатын адамды кім деп атайды?
4. Саған кімнің қай шығармасы ұнайды? Неге?



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Әртүрлі дереккөздерден ақпарат жинап, сұрақтарға жауап бер.

1. «Халықаралық балалар кітабы мерекесі» туралы не білесің?
2. Бұл мереке қалай пайда болды, қашаннан бері аталып келеді?
3. Мереке күні досыңа қандай кітап сыйлар едің?

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** «Броундық қозғалыс». Сыныптастарыңның оқыған кітаптары туралы дерек жинап, кестені толтыр. Ең көп оқылған кітапты анықтаңдар. Диалогті бастау, жалғастыру, аяқтауға қатысты сөз орамдарын (*Сәлем! Сұрауға бола ма? Айтып жіберші! Қайта айтшы! Түсіндіріп берші! Рақмет! Сау бол т.с.с.*), есімдіктерді қолданыңдар.

### Мәлімет кестесі

№	оқушының аты-жөні	оқыған кітабы туралы мәлімет: авторы, атауы	кітаптың тақырыбы (не туралы?)	кітаптың кейіпкерлері
1				
2				
3				

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Жалпылау есімдігі

Жалпылау есімдіктері — заттар мен құбылыстарды жинақтап атау үшін қолданылатын сөздер.

Жалпылау есімдіктеріне *бәрі, барлық, барша, бар (бар адам), күллі, бүкіл, түгел* деген сөздер жатады.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті жалпылау есімдігін (күллі, барлық, бәрі) қойып, оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің синонимін тап.

Кітап 100 жыл бұрынғы балалардың нені қалағаны, нені армандағаны туралы ақпарат бере алады. Кітап балаларды арманға **жетелейді**. **Үлкендердің** балаларына не тілейтінін де кітап арқылы біле аламыз.

Кейде өткен өмір жайлы кітаптарды қызыға оқимыз. Бірақ ... автор өткен өмірдің .... қорқынышы мен қуанышын толық біле бермеуі мүмкін. Ал көне кітаптың **мазмұнында** ... сақталады. Ескі құжаттардан таба алмаған нәрселер көркем шығармалардан табылады. Кітап — өз заманының **соғылған** ескерткіші жаңа уақытқа жалғанған із (*Айно Первик*).



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Тыңда. Сұраққа жауап бер



1. Мағжан Жұмабаев — кім?
2. Ол қайда, қашан туған?
3. Оның поэзиясының ерекшелігі неде?
4. Ақын не үшін атылған?
5. «Тілі көркем, мазмұны терең» дегенді қалай түсінесің?

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Ақын өлеңінің мазмұнын мұғалімнің көмегімен түсін. Ақынның ойын өз сөзіңмен айт. Өлеңді жаттап ал.

Күннен туған баламын,  
Жарқыраймын, жанамын.  
**Күнге ғана бағынам.**  
Өзім Күнмін, өзім — от,  
Сөзім, **қысық көзім** де — от,  
**Өзіме өзім табынам.**  
Жерде **жалғыз Тәңірі** — от.  
Оттан басқа Тәңірі жоқ!

Шынында, менің өзім де — от,  
Қысылған қара көзім де — от.  
Мен оттанмын, от — менен,  
**Жалынмын мен**, жанамын.  
Оттан туған баламын.  
**Қараңғылық бұққанда,**  
Қызарып күн шыққанда,  
Күн отынан туғанмын!

*Мағжан Жұмабаев*

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Үлгіге қара. Мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөз тіркестерін орыс тіліне аудар.

*Үлгі: Күннен туған — рожденный Солнцем*

## АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Өлең мазмұнынан түсінгеніңді айт.

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, М. Жұмабаевтың «От» өлеңіне тән ерекшеліктерді диаграмма түрінде жаз.



## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Жағдаяттық тапсырма. Шетелдік досың Мағжан Жұмабаевтың «От» өлеңі туралы айтып беруіңді сұрады. Жауабыңды жазып, ауызша айтып бер.

### ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** М. Жұмабаевтың бір кітабын жарнамалаңдар. Алдымен кітапты тауып алыңдар.

Дереккөздерден жазушы туралы, оның шығармасы жайлы ақпарат табыңдар. Жарнаманы сынып алдында көрсетіңдер. Сынып ең үздік жарнама иелерін анықтасын.

*Жарнамаға қойылатын талаптар:*

- деректердің нақтылығы;
- қызықтылығы;
- сауатты жазылуы.

### ЕСТЕ САҚТА!

Мағжан Жұмабаевтың «От» деген өлеңінің мазмұны терең, тілі көркем. Өлең арманға жетелейді. Ақынның мұралары болашаққа жалғасады.

# Күннен келген адам

9-10-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

күй, қап!

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Бірінші диаграммаға фантастикалық шығарманы сипаттайтын сын есімдерді, екінші диаграммаға балаларға арналған шығармаға тән ерекшеліктерді көрсететін сын есімдерді жаз.



### ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Суретке қара. Диаграмманы пайдаланып, өзің оқыған фантастикалық шығармалардың бірі туралы мәтін құра.



### ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Мұғалімнің көмегімен өлеңдегі түсініксіз сөздердің мағынасын анықта. Өлеңдегі «ащы қиял», «тәтті қиял» сөздерінің мәнін түсіндір.

### Қиял

Бір жерде көп отырсаң жалғыз өзің,  
Көрмесе көңіл ашар жанды көзің,  
Кейде ащы, кейде тәтті қиял билеп  
Кететін бар емес пе бір мінезің?

*Міржақып Дулатов*

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 4-тапсырма. Оқы.

...Сол күні жұмбақ ғаламшардан екі бала келді. Жұмбақ елден келген балалардың әңгімесі де құпияға толы еді:

— Біз Жердегі тіршілікті көп зерттедік, — деді қонақтың үлкені. — Жер ғаламшары ғарыштан керемет әдемі көрінеді. Бірақ жақындасаң, қатты қорқасың. Қара қою түтіннен, улы газдан тұншыға бастайсың.

**Көзің қарауытып, басың айналады.** Біз ешқайда қона алмай, қатты қиналдық. **Мұхиттарда көк киттердің күңіренгенін, аққулардың таза суды аңсағанын көрдік.** Ал ақ аю мұзды құшақтап қатты жылады. Ормандар өртеніп жатыр, құстар ұясынан айырылды. Жүрегіміз ауырды...

— Қап, ұят болды-ау! — деді Мақсат.

— Өздеріңе әдейі келдік, — деді екінші қонақ бала. — Табиғат-ананы ренжітіп алыпсыңдар... Бірақ барлық ақылды бала осы Жерде тұрады екен. **Болашақтарың жарқын, көңіл күйлерің, өмірлерің жақсы болады.** Ол үшін Жер-ананы сақтаңдар.

— **Бәріне жауапты сендерсіңдер. Біз қазақтарды «Күннен келген халық» деп білеміз. Сендер сол халықтың ұрпағысыңдар. Сондықтан бәріне жауаптысыңдар!** — деді үлкен қонақ.



Б. Сүлейменов

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мұғалімнің көмегімен мәтіндегі қою қаріппен жазылған сөйлемдердің мағынасын анықтаңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіндегі есімдіктерді кестеге түсіріңдер.

өздік есімдігі	болымсыздық есімдігі	белгісіздік есімдігі	жалпылау есімдігі

## ОҚЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Топтық жұмыс. 5 оқушыдан топқа бірігіңдер. Шығарма авторы мен кейіпкерлерінің сөзін рөлге бөліп оқыңдар. Сынып ең үздік, сауатты, мәнерлі оқыған топты анықтасын.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Үлгіге қара. Мәтін мазмұны бойынша оқиға желісін тізбек түрінде жалғастырып жаз. Сол тізбек бойынша оқиғаны баянда.

1. Тосын кездесу

2. Құпия әңгіме

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Б. Сүлейменовтің «Күннен келген адам» атты шығармасы мен Мағжан ақынның өлеңінде қандай ұқсас ойлар бар? Пікір алмасыңдар. Сөзді бастау, жалғастыру, аяқтауға қатысты сөз орамдарын (*сәлеметсіңдер ме, өте жақсы, менің ойымша, мен де құптаймын, ойың өте қызық екен, маған ұнады және т.б.*) қолданыңдар.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### ЕСТЕ САҚТА!

Жер ғаламшары ғарыштан әдемі көрінеді. Бірақ көп қиындық бар. Жерде қою түтін, улы газ көп. Біз қатты тұншықтық. Сендер Табиғат-ананы ренжітіп алыпсыңдар. Қазақтар — Күннен келген халық. Сендер барлығына жауаптысыңдар.

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

11-  
сабақ

## ОҚЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Жазушы Аино Первиктің сөзін оқы. «От» өлеңі мен «Күннен келген бала» атты шығармаларға сүйеніп, әр кезеңдегі балалардың арманы мен ата-аналарының тілегі не болғанын айт.

Кітап өз заманындағы балалардың нені армандағанын, неден қорыққанын, не оларды бақытты еткені туралы мәлімет бере алады. Ал ата-аналары балаларына қандай болашақ тілейтінін де кітап арқылы біле аламыз. Кітап — өз заманының ескерткіші.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Тест тапсырмаларын орында.

1. Сұраққа жауап бер: А.Первиктің сөзі не туралы?

- А) бала туралы
- В) баланың арманы туралы
- С) баланың өмірі туралы
- Д) балаларға арналған кітап туралы

2. Сұраққа жауап бер: Кітаптар осыдан 100 жыл бұрынғыны қалай есте сақтайды?

- А) кітапта жазылған өзгереді
- В) кітапта жазылған өзгермейді
- С) кітапта жазылғанды өшіреді
- Д) кітапта жазылғанды басқа тілге аударады

3. Сөйлемді жалғастыр: Ата-аналары балаларына қандай болашақ тілейтіні де кітапта көрінеді, себебі ...

- А) кітапты балалар жазады
- В) кітапты оқушылар жазады
- С) кітапты болашақ мұғалімдер жазады
- Д) кітапты ересектер жазады

4. Сұраққа жауап бер: Ескі құжатта жоқ нәрселер неге әңгімелер жинағынан табылады?

- А) құжатта тек мәлімет сақталады
- В) әңгімеде өмір суреттеледі
- С) құжат жоғалады
- Д) әңгіме жоғалмайды

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Жағдаят: «ЭКСПО-2017» көрмесінде кездестіңдер. Амандасыңдар, танысыңдар. Заманауи энергетика, оның табиғатқа әсері туралы диалог құрыңдар. Есімдіктерді қолданыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Суретке тақырып қойып, Табиғат-ананы сақтау туралы шағын мәтін құраңдар. Мәтінде өздік, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктерін пайдалан.



**ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАЙЫҚ!**

### БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Кітап та — алма ағашы  
Жемісін біздер теретін.  
Тәтті алмаға балашы  
Кітабыңның әр бетін.

*Мұзафар Әлімбаев*

# 5

## Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада

### ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

- мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтай білуді;
- тірек сөздер арқылы әңгіме құрастыруды;
- тақырып бойынша мәтінге жоспар құруды, постер, сызба-кестелер жасауды;
- мәтіндегі деректі, дерексіз зат есімдерді, көптік мәнді есімдерді табууды;
- сөздерді ажырата білуді, оларды дұрыс қолдануды;
- сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып, жай сөйлем құрауды **үйренесің**.

# Туған өлкемі жырлаймыз

1-2-  
сабақтар

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАҢА СӨЗДЕР:

*өлке, самал, саумал,  
барқыт, талап*

### АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттерге қарап, жаңа сабақта не туралы айтылатынын болжа.



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Туған жер, туған өлке, атамекен жайлы қандай көркем туындыларды (өлең, әңгіме, кинофильм, сурет, ән және т.б.) білесің? Сызбаға жаз. Олардың мазмұнын қысқаша айт.



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Туған жер туралы мақал-мәтелдерді жаз. Мағынасын түсіндір.

1. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.
2. Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.
3. Ит — тойған жеріне,  
Ер — туған жеріне.
4. Бөтен жердің гүлінен  
Туған жердің тікені артық.

## ТІЛДІК БАҒДАР

### ЖАЙ СӨЙЛЕМ

Жай сөйлем — бір не бірнеше сөз бен сөз тіркестерінен құралып, тиянақты бір ғана ойды білдіретін сөйлем.

Жай сөйлемнің негізгі ерекшелігі:

- құрамындағы сөздер бір-бірімен мағыналық байланыста болады;
- екіпін тұтастығы сақталады;
- сөздердің орын тәртібі сақталады.

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Тірек сөздерді пайдаланып, 5 жай сөйлем құра.

**Тірек сөздер:** өлке, жер, атамекен, аспан, ел, өлке, самал.



## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**5-тапсырма.** Өлеңді тыңда. Өзіңнің туған жеріңді сипатта.

### Менің елім

Салқындап саясында самал-көлдің,  
Бұла өскен баяғыдан балаң менмін.  
Сіміре саумалыңды бұл жолы да,  
Сабылып, сағымды өлке, саған келдім...

...Тікенге балтырымды талатып ем,  
Ал қазір дала — барқыт, дала — кілем.  
Кетіп ем сол даладан шыбық мініп,  
Оралдым бір талаптың қанатымен.

*Ж. Нәжімеденов*

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқы. Ақын өлеңінің мазмұнын мұғалімнің көмегімен түсін. Өлеңді жаттап ал.

Көкірегімнің үміті мен тілегі  
Күй боп түлеп, Күн боп шығып, күледі.  
Күн астында көк төбелер түледі:  
Менің елім, менің елім — гүл елі!

Айтпағым бір: ағыл-тегіл сыр еді,  
Шежіреңе ол өлең болып кіреді...  
Қанат қомдап, таң атқанда шығыстан  
Торғайым бар қыраныңмен бір ұшқан.  
Жүрегім бар жүрегіңмен ұғысқан,  
Менің елім, менің елім — гүлстан!

*Ж. Нәжімеденов*

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтіннен деректі, дерексіз зат есімдерді тап. Ол сөздерді пайдаланып, жай сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер. Ақынның ойын өз сөзіңмен айт. Өлеңнің әр тармағы бойынша тірек сөздерді анықта.

1. Өлең не туралы?
2. Өлеңнің идеясы қандай?

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Өлеңді негізге алып, туған өлкеге тән белгілерді диаграмма түрінде жаз.



## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Туған өлкеге арналған бір туындыны (ақын-жазушылардың шығармасы, суретшілердің салған суреті, режиссерлердің түсірген көркем фильмі т. б.) тауып, жарнамалаңдар. Жарнаманы сынып алдында көрсетіңдер.

### Жарнамаға қойылатын талаптар:

1. Көркем туындының жалпы сипаттамасы (жазылған /салынған / түсірілген кезеңі, көлемі, сапасы т.б.)
2. Көркем туындының өзіндік ерекшелігі (автордың негізгі ойы)
3. Көркем туындының таныстырылымы (жарнамалаушының өз ойын жеткізуі, тұтынушыларды қызықтыра алуы; сөз әдебін сақтауы).

## АЙТЫЛЫМ-ДИАЛОГ

**11-тапсырма.** Мәтін мазмұнына сүйеніп, диалог құрыңдар. Диалогте сөз әдебі орамдарын қолданыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**12-тапсырма.** «Туған жерді жырлаймыз» тақырыбында постер жаса. Сыныптың алдында қорға.

### ЕСТЕ САҚТА!

Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.  
Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас.

# Туған жердің төсінде

3-4-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*тау бөктері, әуес, қасиетті, етек, маре-сәре, қора*

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мақал-мәтелдерді оқы. Оларды тақырыппен байланыстырып, өз ойыңды айт.

1. Басқа жердің отынан туған жердің түтіні артық.
2. Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың.
3. Аққу ұшқан көлін аңсайды,  
Адам туған жерін аңсайды.
4. Туған жердей жер болмас,  
Туған елдей ел болмас.

## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Бағандағы сөз тіркестерінің мағынасын анықта. Тіркестерден жай сөйлем құра.

туған жер  
асқар тау

шалқар көл  
ашық аспан

жазық дала  
ну орман


## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. «Туған жердің төсінде» деген тіркесті естігенде ойыңа не келеді?
2. «Туған жердің төсінде» деген ұғымға не кіреді?

## АЙТЫЛЫМ-ДИАЛОГ

**4-тапсырма.** Суреттердің «Туған жердің төсінде» тақырыбына қандай қатысы бар? Диалог құрыңдар.





## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС



### ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Туған жеріңнің табиғатын сипатта.

### ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтіннен деректі зат есімдерді тап. Мағынасын түсіндір.

### АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Мәтін мазмұны бойынша берілген ақпараттың дұрыстығын көрсет.

№	ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
1	Тау бөктері тұтасқан жабайы алма болатын.		
2	Біз тау бөктерінде жеміс-жидек теретінбіз.		
3	Біздің ауыл «Жусалы» деп аталады.		
4	Үлкендер әлі де алманы «аю алма» деп атайды.		
5	Үлкен жолбарыстар үңгірді мекен етіпті.		
6	Жабайы алмалар базарда сатылыпты.		
7	Біз туған кезде өріп жүрген аюдан із де қалмапты.		

### ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Қосымшаларды орфографиялық нормаға сәйкестіріп жаз. бөкдөрі, жыллары, баладар, біздың, таула, алмані, үлкентер, бүгінға, кезде, аюден, адамнің.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Мәтінді оқы. Оған ат қой.

... Көп ұзамай етектен тауға қарай көшкен мал ауылға кеп жағалай қонды. Мәре-сәре шуға толы қызықты кез туды. Ала қыстай сыз қорада үстері сауыс-сауыс болған қора-қора қой мол, тегін көкке жетті. Ауыл-аймақ тегіс қой сауып, ауымыз аққа бір жарыған еді.

Біз, балалар, ертеңді-кеш қозы қайырысып, шешемізге көмектескеннен кейін ауылдың сыртындағы тас қораға тартатынбыз. Мұнда құмнан көшіп келе жатқан жылқы қамалатын.

С. Мұратбеков

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Мәтін мазмұны туралы пікіріңді «Төрт сөйлем»

құрылымына салып жаз.

1. **Пікір:** оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жаз.
2. **Дәлел:** пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
3. **Мысал:** пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
4. **Қорытынды:** тақырып бойынша қорытынды жаса.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 11-тапсырма. Кестедегі сөздерді оқы. Ол сөздерден жай сөйлем құра.

1	қора-қора	шөпке	тегін көкке	жетті	қойлар
2	болатын	тау бөктері	алма	тұтасқан	жабайы
3	шуға толы	туды	кез	мәре-сәре	қызықты
4	Алмалы	біздің	деп	аталады	ауыл
5	ауыл-аймақ	қой	тегіс	екен	сауған

## АЙТЫЛЫМ-ПОЛИЛОГ

**12-тапсырма. Жағдаят:** шетелдік туристерге таныстыру үшін туған жердің сипаттамасын даярлау керек. Өзара ақылдасып, жұмыс жоспарын (туған өлкенің тарихы, табиғаты, ондағы тұлғалар, тарихи ескерткіштер, әдеби мұралар т.б.) құрыңдар. Полилогте деректі, дерексіз зат есімдерді қолданыңдар. Таныстырылымды сыныптың алдында қорғаңдар.

# Нәтиже сабақ. Мен не білдім?

5-  
сабақ

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

- 1-тапсырма.** «Сұрақ-жауап ағашы». Топтық жұмыс. Барлық оқушы тақырып бойынша сұрақтар жазып, ағашқа жапсырады. Тапсырманың шарты: сұрақта жаңа сөздер қолданылуы керек. Кейін әр оқушы сұрақ жазылған қағаздарды алып, жауап беруі керек.

## АЙТЫЛЫМ

- 2-тапсырма.** Қазақстан картасын алып, досыңмен еліміздің бір өңірі туралы сөйлес. Диалогте өлкені сипаттаңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

- 3-тапсырма.** Тірек сөздерді пайдаланып, «Менің туған өлкем поэзия мен прозада» деген тақырыпта шағын мәтін құра. Мәтінде деректі, дерексіз зат есімдерді пайдалан.
- Тірек сөздер:* туған өлке, сағыныш, арман, асқар тау, көк аспан, махаббат, нұрлы жүрек, шалқар көл, ну орман т.б.

## АЙТЫЛЫМ

- 4-тапсырма.** Жұптық жұмыс. Суреттердің мазмұнына сай келетін сөздерді пайдаланып, сөйлесіңдер.





## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** «ПОПС» формуласы негізінде осы тарауда өткен материалдар бойынша өз пікіріңді дәлелде.

- Бірінші сөйлем: *«Менің ойымша, ... »;*
- Екінші сөйлем: *«Себебі ... ескеру керек».*
- Үшінші сөйлем: *«Оны мен ... сияқты фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».*
- Соңғы сөйлем: *«Осыған байланысты мен: «...» деген шешімге келдім».*

### БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

Алтын ұяң — Отан қымбат,  
Құт-берекең — атаң қымбат,  
Аймалайтын анаң қымбат,  
Асқар тауың — әкең қымбат.

*Қазыбек би*

Туған жер — алтын бесік,  
асыл анам.

*Ф. Қайырбеков*

# 6

## Астана — мәдениет пен өнер ордасы Әкім Ысқақ «Күн ұлымын»

### ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ:

- тыңдалым материалдарын шынайы өмірмен байланыстырып жауап беруді;
- тірек сөздерді пайдаланып, әңгіме құрауды;
- түйіндеме, өмірбаян жазуды;
- нақ осы шақты дұрыс қолдана білуді **үйренесің**.

## Астана — елімнің мақтанышы

1-2-  
сабақтар

### МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

### ЖАҢА СӨЗДЕР

*мәдени, отандық, шетелдік,  
шаһар, ұйымдастыр, әкімшілік,  
саяси, жарыс, алақан,  
сәулетші, көрермен*

### АЙТЫЛЫМ

#### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Астана туралы не білесің?
- Астана қаласы қай жылдан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болды?
- Қандай атақты ғимараттар мен мәдени орындарды білесің?
- Сен Астанада болдың ба?

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 2-тапсырма. Сурет бойынша сөйлем құра.



## ТІЛДІК БАҒДАР

**Осы шақ** мағынасына қарай **нақ осы шақ** және **ауыспалы осы шақ** болып бөлінеді.

Нақ осы шақ *отыр, тұр, жатыр, жүр* деген қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы:

Мен отырмын /тұрмын /жатырмын /жүрмін

Сен отырсың /тұрсың /жатырсың /жүрсің

Сіз отырсыз /тұрсыз /жатырсыз /жүрсіз

Ол отыр /тұр /жатыр /жүр

Күрделі осы шақ етістікке *-ып /-іп /-п, -а /-е /-й* жұрнақтары жалғанып, қалып етістіктері тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *оқып отырмын, ой-нап жүрсің, сөйлесіп тұрсыз, жазып тұр.*

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

Қазақстанның заманға лайық жаңа астанасын салу идеясын айтқан — Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев. Астана Азияның солтүстігінде орналасқан. Астана шаһары «Алматы», «Сарыарқа» және «Есіл», «Байқоңыр» аудандарынан тұрады.

Астана — Қазақстандағы ірі бизнес орталықтарының бірі. Астана мәртебесін алғалы бері қалада 10 миллион шаршы метр тұрғын үй салынды. Астанада саяси және әкімшілік іс-шаралар, түрлі жарыстар жиі ұйымдастырылады. Астана құрылысына жүздеген отандық және шетелдік құрылыс компаниясы қатысты.

Астанада батыс пен шығыстың мәдени дәстүрі үйлесімді қолданылған ғимарат көп.

«Бәйтерек» кешені — жаңа елорданың басты символы, оның бойтұмары. Онда «Аялы алақан» композициясы бар. Астанада «Ханшатыр» сауда-саттық және ойын-сауық орталығы, теңізден алыс орналасқан океанариум — «Думан» орталығы, «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театры, «Қазақстан» орталық концерт залы, «Қазақ елі» монументі, 30 мың көрерменге арналған «Астана-арена» жабық стадионы бар.

[www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) сайтынан



## АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Қалып етістіктерін жақша ішіндегі сәйкес келетін сөзбен байланыстырып айт. Сөйлем құра.

Отыр (орындық, аспан, жер); тұр (дала, кітап, мәдени); жатыр (төсек, көлік, перде); жүр (су, тамақ, дәптер).

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 9-тапсырма. «Астана» туралы диаграмманы толықтыр.



## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Астана туралы 6 сұрақ дайында. Көршіңнен сұра. 10-12 ұнқатымнан тұратын сұхбат құрыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 11-тапсырма. «Астана — мақтанышым» деген тақырыпта эссе жаз.

#### Талаптар:

- нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт;
- тақырыптан ауытқымаған дұрыс;
- пікірді ұтымды дәлелдермен растау қажет;
- өмірмен байланысты болуы тиіс;
- өзіндік тың пікірлер келтіру керек;
- баяндау стилі нақты болуы шарт;
- сын есім мен нақ осы шақты ұтымды қолдану қажет;
- көлемі — 50-60 сөз.

#### ЕСТЕ САҚТА!

Астана — Қазақстан Республикасының елордасы. Ол — ірі бизнес орталығы. Астанада көптеген мәдени орталық бар. Астанада зәулім ғимарат көп.

# Біздің төріміз – Ақорда

3-4-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*айгілі, нышан, іскери, кезекті*

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сөйлемдерді аяқта.

- Ақорда — ... .
- Астана — Қазақстанның ... .
- Астанада көптеген .... .
- Ақордаға әлемнің түкпір-түкпірінен ... .
- Ақорданың жанында ... .

## ЖАЗЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, шағын мәтін құра.



Әзірет сұлтан мешіті



Бәйтерек



Астана

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Кенжиен-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Кенжиен-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### ОҚЫЛЫМ

#### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Мәтінді мазмұнда.

Ақорда — Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. Қазақы және шығыстық нышандар сарайға ерекше көрік береді. Резиденцияға қазақстандық суретшілердің туындылары қойылған. Резиденцияның құрылысы 2001 жылы басталды. Жоба жұмысын Еуропа мен Қазақстанның белгілі сәулетшілері жүргізді. Олардың қатарында еуропалық әйгілі дизайнерлер — М. Гуалаци мен А. Мольтени де бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа резиденциясының ресми тұсаукесері 2004 жылғы 24 желтоқсанда өтті. Ақордада кезекті іскери кездесулер өтеді.

*www.akorda.kz сайтынан*

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 4-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, өз өмірбаяныңды жаз.

Мен, Бауыржанұлы Батырхан, 2004 жылдың 6 қаңтарында Семей қаласында тудым. Ұлым — қазақ. 2011 жылы Семей қаласындағы №6 мектеп-гимназияның бірінші сыныбына бардым. Қазір осы мектептің 6-сыныбында оқимын.

Қазақ тілі — ана тілім. Орыс тілін жетік, ағылшын тілін орташа білемін. Мектептегі баскетбол үйірмесіне қатысамын. «Химия» пәні бойынша мектепішілік, аудандық олимпиадаларға қатысып, бірінші орын алдым.

Ата-анам, әпкем және інім бар.

Семей қаласы Абай көшесі, 15-үйде тұрамын.

### АЙТЫЛЫМ

#### 5-тапсырма. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz) сайтынан Ақорда, оның залдары туралы ақпаратты оқып, сыныпта ой бөлісіңдер. Ақорданың әр қабатында не орналасқанын айтыңдар.


### ЖАЗЫЛЫМ

#### 6-тапсырма. Сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

Сарай, іліп жатыр, шеңбер, мемлекет, туынды, сәулетші, дизайнер, ел, маман, көрініс, айтып отыр, сызып жатыр, түсіндіріп отыр.

### ЖАЗЫЛЫМ

#### 7-тапсырма. «Ақорда» сөзіне кластер жаса. Кластер бойынша шағын мәтін құра.



## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### 8-тапсырма. Семантикалық кестені толтыр. Түсіндіріп айт.

зат есім	негізгі	туынды	күрделі	деректі	дерексіз
Ақорда					
сарай					
суретші					
тұсаукесер					
мемлекет					
ғимарат					
Қазақстан					

## АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

**Пікір:** Оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел:** Пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал:** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды:** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Қате жазылған сөйлемдерді тап. Себебін айт.

1. Ақорда — Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы.
2. Жоба жұмысін Еуропа мен Қазақстанның белгілі сәулетшітары жүргізді.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің жаңа резиденциясының ресми тұсаукесері 2004 жылғы 24 желтоқсанна өтті.
4. Мен Алматы қаласынна тудым.
5. Қазір 6-сыныпта оқимін.
6. Мектепішілік олимпиадаға қатысдым.

## ЖАЗЫЛЫМ

- 11-тапсырма. Соңғы бір аптада Ақордада болған жаңалықтар туралы ақпарат жина. Жинаған ақпаратты пайдаланып, шағын әңгіме құра.**

### ЕСТЕ САҚТА!

Ақорда — Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. Мен Семей қаласында тудым.

# «Мәңгілік ел» ескерткіші нені бейнелейді?

5-6-  
сабақтар


## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*жасампаздық, қақпа, кереге, қастерлі, рухани, көріктендір, тыныс-тіршілік, өнерлі*

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайында. Көршіңнен сұра.



## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап жаз.

1. «Мәңгілік ел» идеясын қалай түсінесің?
2. Мәңгілік елге айналу үшін Қазақстанда қандай жұмыстар атқарылуда?
3. Сен Қазақстанның болашағына қандай үлес қосасың?

## ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Мәтінді мазмұнда. Деректі және дерексіз зат есімдерді тап.

«Мәңгілік ел» ескерткіші жасампаздық қақпасын бейнелейді. Салтанатты қақпаның маңдайында мемлекеттік рәміз — Елтаңба, шаңырақ, киіз үй керегелері, күн шұғыласы, алтын жалды қанатты пырақ бейнеленіп, «Қазақстан» деген сөз жазылған.

«Мәңгілік ел» салтанат қақпасы — айрықша сәулет ескерткіші. «Мәңгілік ел» жазуы қақпаны көріктендіріп тұр. Арка ұлттық оюмен безендірілген. Абыз ақсақал мен данагөй ананың, қаһарман батыр мен елшіл жауынгердің қола мүсіндері өнерлі қазақ халқының рухани өмірінің тыныс-тіршілігін білдіреді. Қақпаның бір жағына Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі тайқазанның көшірме үлгісі орнатылған. Мұнымен қоса онда қазақ жауынгерінің бес қаруының бірі — қалқан бейнеленген. Қақпаның бір қабырғасы Тәуелсіздікке арналған. Онда Егемендік туралы декларация көрсетілген. Бұл қабырғада «Ақорда», «Бәйтерек» секілді маңызды нысандардың суреттері салынған (С. Негимов).

## АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Диалогті толықтыр.

- .....
- «Мәңгілік ел» ескерткіші жасампаздықтың қақпасын бейнелейді.
- .....
- Салтанатты қақпаның маңдайында қазақ халқының болмысын бейнелейтін мемлекеттік рәміз — Елтаңба бейнеленген.
- .....
- «Мәңгілік ел» салтанат қақпасы — айрықша сәулет ескерткіші.
- .....
- Салтанат қақпасының биіктігі — 20 метр, ені — 13 метр.
- .....
- Арка ұлттық оюмен безендірілген.
- .....
- Қақпаның бір қабырғасы Тәуелсіздікке арналған.

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Кенжиен-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Жақша ішіндегі тиісті етістіктерді дұрыс тұлғада қойып, сөйлемдерді көшіріп жаз.

1. Ол жасампаздық қақпасын (*білдір, бейнеле, суретте*). 2. Ол елдік талап пен сәулеттік талғамға (*жауап бер, айтып бер, сұрап бер*). 3. Қасбетінде абыз ақсақал мен данагөй ананың, қаһарман батыр мен елшіл жауынгердің қола мүсіндері (*бейнеле, қойыл, беріл*). 4. Қақпаның бір жағына Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі тайқазанның көшірме үлгісі (*жатқыз, орнат, қойыл*). 5. Егемендік туралы декларация (*жазыл, кіргіз, көрсет*).

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

**Пікір:** Оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

**Дәлел:** Пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

**Мысал:** Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

**Қорытынды:** Тақырып бойынша қорытынды жаз.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, өз түйіндемеңді жаз.

*Аты-жөні:* Батырхан Бауыржанұлы

*Мекенжайы:* Семей қаласы Абай көшесі, 15-үй

*Туған жылы:* 2005 жылдың 6 қаңтары

*Ұлты:* қазақ

*Жынысы:* ер адам

*Азаматтығы:* Қазақстан Республикасы

*Білімі:* №6 мектеп-гимназияның 6-сынып оқушысы

*Тілдік дағдылары:* қазақ тілі — ана тілі; орыс тілі еркін; ағылшын тілі орташа.

*Жеке қасиеті:* адал, жауапты, тиянақты, көпшіл

*Қосымша ақпарат:* «Химия» пәні бойынша қалалық олимпиаданың жеңімпазы (Семей қаласы)

*Қызығушылығы:* спорт (баскетбол, қазақша күрес), кітап оқу, музыка.

## АЙТЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір. Сөйлем құра.

сәулет	жазылған
киіз	ақсақал
қанатты	батыр
сөз	үлгісі
салтанатты	ана
абыз	қақпа
данагөй	жауынгер
қаһарман	үй
елшіл	пырақ
көшірме	ескерткіші

## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Өлеңді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

- Өлең не туралы?
- Ақынның пікірінше, «Мәңгілік ел» дегеніміз – не?
- Сенің ойыңша, «Мәңгілік ел» болу үшін не істеу керек?

## ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, жаз.

1. «Мәңгілік ел» — арманым... асқар... . 2. Бұл молшылық пен қанағат..., иман мен ынсап... білдіреді. 3. «Мәңгілік ел» «Нұрлы жол...» бастады.
4. Қақпа... бір қабырға... елі... қастерлі құндылығы — Тәуелсіздік... арналған.
5. Болашақ... нұр... шашып тұратын.

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Ақпарат көздерінен Астанадағы «Мәңгілік ел» ескерткіші, Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясы туралы қосымша ақпарат жинап, ой бөлісіңдер.

## АЙТЫЛЫМ

**12-жағдаяттық тапсырма.** Шетелдегі досың бұқаралық ақпарат құралдарынан Астана қаласындағы «Мәңгілік ел» ескерткіші туралы оқығанын жазды. Сенен ескерткіш туралы толық мәлімет беруіңді өтіңді. Не істейсің?

### ЕСТЕ САҚТА!

Астана қаласында «Мәңгілік ел» ескерткіші бар. Ол «жасампаздықтың қақпасы» болып есептеледі. Ескерткіш Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай ашылған.

# Әкім Ысқақ «Күн ұлымын»

7-8-  
сабақтар


## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

сіңіру, тұғыр, киік, сүйеу, демеу,  
тірек, шырқа

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттер бойынша шағын мәтін құра.



## ЖАЗЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, мақал-мәтелдерді жаз.

- |   |  |
|---|--|
| 1. Ай жарығы — әлем...,<br>Шам жарығы — түбіне. | 3. Жері бай... елі бай.                              |
| 2. Батар күн... атар таңы бар.                  | 4. Жер — ырыс... кіндігі,<br>Еңбек — ырыс... қазығы. |

## ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтінді мазмұнда. Өлеңді жаттап ал.

Күн ұлымын, қолдаушым — Күнім менің,  
Күннің нұры — бойыма сіңіргенім.  
Тұғыр бердің сен маған: «Елді ойла!» — деп,  
Сол тұғырдан шығады үнім менің.  
Ұғамысың, халайық, жүрек үнін?

«Сен!» деп соққан сол үнді біледі кім?  
Мен-дағы ғаламшардың тұрғынымын:  
сүйеуі — Жер,  
демеуі — Ай,  
тірегі — Күн.  
Биік..., биік...  
Мақсатым биік менің,  
Биігімді көреді киіктерім.  
Күй-үнімді тыңдайды ұйып көлім,  
Өзің үшін өртенген жырларымды  
Жеткізе алсам, арман не, сүйікті елім!

Әкім Ысқақ

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтіндегі 5 сөйлемге түрлі нұсқада сұрақ қой.

**Үлгі:**

Күн ұлымын, қолдаушым — Күнім менің.

**Сұрақ:** Ненің ұлысың?

Күн — сенің қолдаушың ба?

Оның қолдаушысы — не?

## ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтін бойынша «Қос жазба» күнделігін толтырыңдар.  
Түсіндіріңдер.

сөз немесе сөз тіркесі	түсініктеме
Ай	Жердің табиғи серігі. Жерге жақын аспан денесі.
Күн	
Жер	
қолдаушы	
тұғыр	
жүрек үні	

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырып жаз.

1. Күннің нұры — бойыма сіңіргенім.
2. Сол тұғырдан шығады үнім менің.
3. Мен-дағы ғаламшардың тұрғынымын: сүйеуі — Жер, демеуі — Ай, тірегі — Күн.
4. Мақсатым биік менің, Биігімді көреді киіктерім.

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Кенжиен-Горизонт"/ защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя" (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, ақынның атынан өмірбаяндық мәтін жаз.

Әкім Әбдіқайымұлы Ысқақ 1960 жылы 3 қыргүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы Бөржар ауылында туған. Қазақ тілінде жазылған тұңғыш «Халықтың көші-қоны туралы заңның» авторы, Қазақстанның 1997 жылғы «Жыл адамы», ақын, сазгер.

М. Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтын, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген. Балаларға арналған «Қотлет» атты тұңғыш сықағы 1977 жылы «Қазақстан пионері» газетінде басылған. Қазақстан Журналистер Одағы сыйлығының лауреаты.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

Сіңіру, тұғыр, киік, сүйеу, демеу, тірек, Күн ұлы, жүрек үні, биік мақсат, өртенген жыр.



## ТЫҢДАЛЫМ

### 9-тапсырма. Әкім Ысқақтың Астана туралы жазған өлеңін тыңда.

Сұрақтарға жауап бер.

1. Астана — қандай көшті бастаған қала?
2. Астана — ару қала ма?
3. Астана — ненің тірегі?

## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Ақынның «Күн ұлымын, қолдаушым — Күнім менің, Күннің нұры — бойыма сіңіргенім» деген тұжырымы бойынша ой бөлісіңдер.

**Ойбөліске қойылатын талаптар:**

- тақырыптан ауытқымау;
- регламент сақтау;
- сөз әдебін сақтау;
- дұрыс сөйлеу;
- мақал-мәтел, фразеологиялық тіркестерді, қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарасын жүйелі түрде жеткізу.

### ЕСТЕ САҚТА!

Әкім Ысқақ — қоғам қайраткері, ақын, сазгер. «Физика» пәнінен сабақ берген. «Күн ұлымын» өлеңінде туған еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін жырлаған.

9-10-  
сабақтар

# «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

үйлестіру, бастама,  
жабдықтау, жаға, ұзындық

## ЖАЗЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап жаз.

1. «Театр» дегеніміз — не?
2. Театрдың қандай түрлері бар?
3. Астана қаласында орналасқан қандай театрларды білесің?
4. Сен қай театрға бардың?
5. Саған қандай қойылым ұнады?
6. Сүйікті актерің — кім?

## ТЫҢДАЛЫМ

### 2-тапсырма. Диалогті тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Олар қай театрға барды?
2. Олар қандай қойылымға билет алды?
3. Сараның рөлінде кім ойнайды?
4. Олар театрдан шыққан соң қайда барды?

## ОҚЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой.

«Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры 2013 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған.

Екі қабатты фойенің пішіні эллипс тәріздес, биіктігі — 13 метр. Фойенің қос қапталында доға тәрізді, барокко стилінде жасалған екі мәрмәр баспалдақ бар. Қабырғасындағы декоративті суреттерді Италия суретшілері салған. Театрдың фойесінде түрлі мәдени шаралар ұйымдастыруға болады.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

XIX ғасырдағы Италия театрларының озық үлгісімен салынған таға тәрізді көрермен залында 1250 орын бар. Ғимарат ең соңғы үлгідегі, барлық спектакль мен концертті жазып алуға мүмкіндік беретін студиялық аппаратпен жабдықталған.

«Алматы ақшамы» газетінен

## ЖАЗЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтіннен деректі және дерексіз зат есімдерді тап. Осы зат есімдерді пайдаланып, сөйлем құра.

*Үлгі:* баспалдақ — деректі зат есім. «Астана Опера» театрында екі мәрмәр баспалдақ бар.

## АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Сұрақтарға толық және қысқа жауап беріңдер.

*Үлгі:*

*Сұрақ:* «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры кімнің бастамасымен құрылған?

*Толық жауап:* «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың бастамасымен құрылған.

*Қысқа жауап:* Н. Ә. Назарбаевтың.

## ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінге сүйеніп, ұнататын театрың туралы шағын мәтін құра.

Онда мынадай сұрақтарға жауап бер:

1. Қай театрды ұнатасың?
2. Ол театрға кімнің есімі берілген?
3. Ол қай қалада орналасқан?

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** «ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлеріңді дәлелдендер.

**Бірінші сөйлем:** «Менің ойымша...».

**Екінші сөйлем:** «Себебі ... ескеру керек».

**Үшінші сөйлем:** «Оны мен ... сияқты фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

**Соңғы сөйлем:** «Осыған байланысты мен: «...» деген шешімге келдім».

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** «Желаяқ» ойыны. Сынып топқа бөлінеді. Топ санына қарай «Астана Опера» туралы мәтін ілінеді. Топ мүшелері кезекпен тақтадағы мәтіннің бір сөйлемін ішінен оқиды. Оқыған сөйлемін тобына келіп жаздырады. Ойын осы ретпен мәтін аяқталғанша жалғасады. Ойын соңында желаяқтар баяндаған мәтін мен тақтадағы түпнұсқа мәтін салыстырылады. Мәтінді тез әрі дұрыс құраған топ жеңіске жетеді.

## ЖАЗЫЛЫМ

**9-тапсырма.** «Астана Опера» туралы диаграмманы толықтыр.



## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** «Астана Опера» театры туралы 6 сұрақ дайында. Көршіңнен сұра. 10—12 үнқатымнан тұратын сұхбат құрыңдар.

## ЖАЗЫЛЫМ

**11-тапсырма** Жағдаят: бүгін — сенбі. Сыныбыңмен театрға барасың. Жоспар құрып, түсіндір. Театрға немен барасың? Кассада билетті қалай сатып аласың? Театрдан соң үйге қалай қайтасың?

### ЕСТЕ САҚТА!

«Астана Опера» театрына досыммен бардым. Маған театр ұнады. Оның іші өте әдемі.

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Кенжиен-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

# Ұлттық музейге бардың ба?

11-12-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*ежелгі және орта ғасыр тарихы, жауынгер, жәдігер, ауыстыр*

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Музей — қандай мекеме?
2. Музейге қандай заттар қойылады?
3. Қазақстандағы қандай музейлерді білесің?
4. Ұлттық музей туралы не білесің?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Сурет бойынша сөйлем құра.



## ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

### 3-тапсырма. Мәтінді оқы. Тақырып қой. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі халықаралық стандарттарға сай жабдықталған.

Ұлттық музейге көне жәдігерлер мен археологиялық, этнографиялық, мәдени ескерткіштер қойылған. Музейдің экспозициялық кешендерінде «Астана», «Тәуелсіз Қазақстан», «Алтын», «Ежелгі және орта ғасыр тарихы», «Этнография», «Тарих», «Заманауи өнер» атты залдары бар.

Музейде Қазақстанның ерте ғасырдан қазірге дейінгі тарихын көрсететін жәдігерлер бар.

Музейдің басты атриумы — алтын түсті құс. 1,5 сағат сайын орталық залда Елбасының даусымен басталатын тұсаукесер барысында ол қос қанатын қағып, бірде самғап, бірде қиялап ұшады. Бірінші қабаттағы «Астана» залында 1,5 сағат сайын «Астана архитектурасы» шоуы болады. Ол да Елбасының даусымен басталады. Медиаеденде Астана қаласындағы төрт мезгілдің көрінісі көрсетіледі де еден ортасынан ашылып, Астанамыздың ең маңызды нысандарының макеттері шығады.

*«Ақ желкен» журналынан*

## АЙТЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. Ұлттық музей қай қалада орналасқан?
2. Ұлттық музейдің экспозициялық кешендерінде қандай залдар бар?
3. Музей неше зал, неше қабаттан тұрады?
4. Музейдің аумағы қандай?
5. Музейде қандай шоу көрсетіледі?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

Болып жатыр, көрсетіліп жүр, залда тұр, көріп отыр, жағасында жүр, билеп жүрсің, салып отырсыз, күліп жүрмін.

## АЙТЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Жағдаят: бірің Ұлттық музейде бұрын болғансың, екіншің бірінші рет барғалы тұрсың. «Ұлттық музейге барайық!» деген тақырыпта диалог құрыңдар.

## ТЫҢДАЛЫМ

### 7-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Алтын» залында қандай бұйымдар бар?
2. «Алтын» залына неше алтын жауынгер қойылған?
3. Алтын түсті құс нені білдіреді?
4. «Астана архитектурасы» шоуының мақсаты қандай?

МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құра.

Музейде тұр, қойылымда отырмын, Есілдің жағасында жүр, опера театрына жүр, жазып отырсың, айтып жатыр, сөйлесіп жүр.

## АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Сұхбатты толықтырыңдар.

- Мен ертең Ұлттық музейге барамын. ....?
- Ой, қандай тамаша! .....
- Онда таңертең кездесейік. ....?
- Жақсы, музейдің алдында кездесейік. ....?
- Мен музейге автобуспен келемін. ....?
- ..... Ертең кездескенше!
- .....

## ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, мәтін мазмұны бойынша пікірлеріңді жазыңдар (уақыт мөлшері: 7-8 минут)

1. Өзіндік пікір (идея): бір сөйлем.
2. Дәлел: екі сөйлем.
3. Өз пікірін айғақтайтын мысал: екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір: бір сөйлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал: екі сөйлем.
6. Қорытынды: екі сөйлемнен құралуы керек.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 11-тапсырма. Шетелдегі досыңа Ұлттық музей туралы хат жаз.

#### ЕСТЕ САҚТА!

Астана қаласында Ұлттық музей бар. Музейдің залдарынан көптеген мағлұмат алуға болады. Мен шетелдегі досыма Ұлттық музей туралы хат жаздым.

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

13-  
сабақ

ОЙТУРТҚИ

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суреттер бойынша бірнеше сұрақ дайындап, көршіңмен сұхбаттас.



## ОҚЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтінді оқы. Мәтінге тақырып қой. Жоспар құр.

Астана. Ару қала. Ай қала. Қарасаң, көз тоймайды. Жылдан-жылға сәніне сән, сәулетіне сәулет қосып келеді. Астана — Қазақстан Республикасының саяси, әкімшілік және мәдени орталығы. Жалпы аумағы — 72, 2 шаршы шақырым. Астана халқының саны 2008 жылы 584, 8 мың адам болған.

Астана әскери бекініс ретінде 1830 жылы қаланып, «Қараөткел» деп аталған. 1845 жылдан бастап «Ақмола» деген атауға ие болған. Қазақстан Республикасының Президенті 1997 жылы 10 желтоқсаннан бастап Ақмола қаласын «Қазақстан Республикасының астанасы» деп жариялау туралы жарлыққа қол қойды. 1998 жылдың 6 мамырында Елбасының жарлығымен «Ақмола» атауы «Астана» болып өзгертілді. Бұл күнде Астананы дүниежүзі біледі. Астанада әлемдік деңгейдегі алқалы жиындар өтеді. Астана бейбітшіліктің мызғымас ордасына айналды.

«Ана тілі» газетінен

## ЖАЗЫЛЫМ

### 3-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

**Қажетті сөздер:** тұғыр, өртенген, галамшар, демеуі, арман, халайық, ел, Жер, биік, көреді, соққан.

1. Тұғыр бердің сен маған: «... ойла!» — деп, Сол ... шығады үнім менің. 2. Ұғамысың, ..., жүрек үнін, «Сен!» деп ... сол үнді біледі кім? 3. Мен-дағы ... тұрғынымын: сүйеуі — ..., ... — Ай, тірегі — Күн. 4. Мақсатым ... менің, Биігімді ... киіктерім. 5. Өзің үшін ... жырларымды, Жеткізе алсам, ... не, сүйікті елім!

## ЖАЗЫЛЫМ

### 4-тапсырма. Нақ осы шақта тұрған етістіктерді пайдаланып, 5 сөйлем құра.

## АЙТЫЛЫМ

### 5-тапсырма. «Ару қала — Астанам» тақырыбында әңгіме құра.

**Әңгімеге қойылатын талаптар:**

- ой жүйелілігі сақталуы тиіс;
- Астана туралы нақты мәлімет берілуі керек;
- стильдік тұрғыдан дұрыс жазылуы тиіс;
- орфографиялық нормалар қатаң сақталуы керек;
- өзіндік қорытынды жасалуы тиіс.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Досың туралы мәліметті пайдаланып, түйіндемесін жаз.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 7-тапсырма. «Астана — мәдениет пен өнер ордасы» тақырыбында фото-коллаж дайында. Фотоколлажды сыныпта қорға.

## ОЙТАРАЗЫ

## АЙТЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

Маған ... қиын болды.  
Мен ... тапсырмаларын орындадым.  
Мен ... екенін түсіндім.  
Мен ... үйрендім.  
Мен ... таңғалдым.

## БІЛГЕНГЕ МАРЖАН

### Нақыл сөздер

Астана — Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі (Нұрсұлтан Назарбаев).  
Астана — Егемендік перзенті. Тәуелсіздік рәмізі. Жаңарған Қазақстанның гүлдей құлпырып, күндей нұрланып, айдай жарқыраған бетжүздігі (Әбіш Кекілбаев).

**ОҚУШЫ, БҰЛ МОДУЛЬДЕ:**

- оқыған шығармадағы кейіпкерге сипаттама беруді;
- мәтіндегі негізгі ойды анықтауды;
- ойыңды жүйелеп жеткізуді **үйренесің**.

1-2-  
сабақтар**Ең алғашқы қорықты  
білесің бе?****ЖАҢА СӨЗДЕР**

*қорық, алуан, аң-құс, таутеке, суыр,  
кесіртке, мекендейді, шөлейт, ну*

**МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС****АЙТЫЛЫМ**

**1-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер. Жауабыңды дәлелде.

1. «Қорық» деген — не?
2. Қорықта не болады?
3. Қандай қорықтарды білесің?

**ЖАЗЫЛЫМ**

**2-тапсырма.** Жақша ішіндегі сөздерді тиісті тұлғада қойып, жаз.

Біз достарымызбен бірге (Алтай) бардық. Алтай (тау) тұңғы су қорының көзі болып табылатын мыңнан астам мұздық бар. Алтайда (ел) басқа өңірлерінде бола бермейтін қоңыр аю, марал, солтүстік бұғысы, елік, барыс, таутеке сияқты жан-жануарлар, құр, тоқылдақ, шіл, үкі, байғыз сияқты құстар (мекенде).

## ТІЛДІК БАҒДАР

### Етістіктің ауыспалы осы шағы

Ауыспалы осы шақ дағдылы түрде болатын, қайталанып жататын қимыл-әрекетті білдіреді. Мысалы: *өседі, ағады, шағылысады, молайтады.*

## АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Қою қаріппен берілген етістіктер қай мезгілді білдіретінін анықта.

Алуан түрлі өсімдік **өседі**. Түпсіз, көгілдір көлдер айнадай **шағылысады**. Тік жартастардан сарқырамалар **ағады**. Аң-құс **жүреді**. Онда таутеке **жайылады**.



## ТЫҢДАЛЫМ

**4-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Қазақстандағы қандай қорықпен таныс болдың?
2. Ол қай аумақта орналасқан?
3. Қорық қандай өзендердің жағасында орналасқан?
4. Қорық қай кезде, қалай құрылған?
5. Бүгінгі сабақта не туралы айтылады?

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Мәтінді оқы. Қою қаріппен берілген сөздердің мағынасын анықта. Әрқайсысына екі сөз тіркесінен құра.

Ақсу-Жабағылы қорығы **алуан** түрлі реликтілі өсімдікке бай. Мұнда жеміс-жидек, Альпі шалғыны, дәрілік өсімдіктер т.б. өседі. **Қорықтың** символы — **грейс** қызғалдағы. Қызғалдақ, сарғалдақтар алғаш Ақсу-Жабағылыда өсірілген.

Қорықтың таулы бөлігі — мәңгілік мұздықтар. Ондағы түпсіз, көгілдір, мұздай тау көлдері айнадай шағылысады. Тік жартастардан сарқырамалар ағады.

Қорық **аң-құсқа** бай. Онда **таутеке**, елік, марал, қар барысы, аю, борсық, мензбир **суыры**, ондатр т.б. аңдар мекендейді; Гималай ұлары, кекілік, бүркіт, қарақұтан, бозторғай, сарыторғай, шымшық т.б. құстар; сарыбауыр **кесіртке**, жылан, құрбақалар мекендейді. Қорықтың ландшафтысы ерекше. Онда **шөлейттер** де, ылғалды жазықтар да, аршалы **ну** ормандар да бар.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Мәтінді ой бөліктеріне жікте. Мәтінде жанама ақпарат кездесе ме? Ойыңды дәлелде.

## ЖАЗЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Қорықта кездесетін өсімдік, аң-құс, жәндік түрлерін кестеге жаз.

өсімдіктер	құстар	аңдар	жәндік

## ЖАЗЫЛЫМ

**8-тапсырма.** Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, көшір.

*Қажет сөздер:* суыры, аң-құсқа, мекендеген, алуан, шөлейт, ну, кесіртке.

1. Қорық ... түрлі өсімдікке, ... бай. 2. Қорықты ... бірқатар жануарлар «Қызыл кітапқа» енгізілген. 3. Олар: мензбир ..., сарыбауыр ..., таутеке. 4. Қорықтың ландшафтысы ... жер, ылғалды жазықтар, ... ормандардан тұрады.

## АЙТЫЛЫМ

**9-тапсырма.** Мәтіннен етістіктерді тауып, қай шақта тұрғанын анықта.

Қорықта «Қазақстанның Қызыл кітабына» енгізілген сарыбауыр кесіртке мекен етеді. Ол жыланға ұқсайды. Кесіртке адамдарға зиян келтірмейді. Сарыбауыр кесіртке қысқы ұйқыдан мамыр айында оянады. Суда жақсы жүзеді.

Қорықты мекендейтін сарыбауыр суыр, қар барысы, таутеке де «Қызыл кітапқа» енгізілген.

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Қою қаріппен берілген сөздердің тура не ауыспалы мағынада тұрғанын анықта.

- |  |  |
|--|--|
| 1. Табиғат — тал бесігің, аяла, қорғай біл, тазалығын сақта! | 1. Баланы тал бесікке жатқызу керек.       |
| 2. Қорықтағы терең тау көлдері айнадай шағылысады.           | 2. Терең білімді адамдар қарапайым болады. |
| 3. Күн көкжиекке көтерілді.                                  | 3. Білімнің көкжиегі кеңейді.              |

Данный экземпляр учебника выдан по запросу МОН РК (13-2/048 от 10.09.2019). Все права на учебник принадлежат издательству "Көкжиек-Горизонт"/защищены законом об авторском праве. Печать и распространение учебника и его частей запрещены без письменного согласия правообладателя (ст. 198 УК РК от 100 МРП до 7 лет лишения свободы).

## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Youtube kz сайтынан Ақсу-Жабағылы қорығы туралы бей-нематериалды көріп, түсінгеніңді айт.

### ЕСТЕ САҚТА!

Қорықта алуан түрлі өсімдіктер өседі, аң-құс мекендейді. Таутеке, суыр, кесіртке бар. Қорықта шөлейттер, ылғалды жазықтар, аршалы ну ормандар бар.

3-4-  
сабақтар

# Алтынемел ұлттық саябағының кереметі

## ЖАҢА СӨЗДЕР

көлем, құры, сазан, бұлақ, молайту, құнды, парыз, бекіре, қамысты, күзет, қорықшы

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Суретке қарап, «Табиғат ғажайыптары» деген тақырыпта шағын мәтін құра.



Алтынемел



Шарын



Іле Алатауы



Түрген шатқалы

## ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Мәтін қай ұлттық саябақ туралы? «Әнші құм» Қазақстанның қай қорығында орналасқанын болжа.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңда. Түсініп оқы. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықта. Мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты нақтыла.

«Алтынемел» — Алматы облысының Кербұлақ ауданында 1996 жылы ашылған ұлттық саябақ. Жер **көлемі** — 460 мың гектар. Қорық Іле өзенінің солтүстігінде орналасқан. Ол **құрып** бара жатқан жануарлар мен өсімдіктерді қорғау, **молайту** мақсатында ұйымдастырылған.

«Алтынемел» саябағы археологиялық ескерткішке бай. Онда көне суреттер таңбаланған тас, үлкен-үлкен үңгір көп.

Биік-биік ағаштар, өзен-көл, **бұлақ** та мол. «Алтынемел» ұлттық қорығында 1800-ге жуық өсімдік, 56-дай жануардың түрі, сазан және т. б. балықтар, құстар бар. Олардың көбі «Қазақстанның Қызыл кітабына» енгізілген. Қорықтар — табиғаттың **құнды** байлығы. Табиғатты қорғау — әр адамның **парызы**.

Саябақта 17 **қорықшы** бекеті мен 3 туристік бағыт жұмыс істейді. Қорықтарға **күзет** қойылған

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** «Ақсу-Жабағылы» қорығы мен «Алтынемел» саябағының қандай ерекшеліктері бар? Дәлелде.

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 5-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер.

1. «Алтынемел» ұлттық саябағы қашан құрылған?
2. Саябақ қай жерде орналасқан?
3. Саябақтың көлемі қанша жерді алып жатыр?
4. Табиғат құбылысы не себепті «Әнші құм» деп аталған?
5. Саябақ неге бай?
6. Саябақта өсімдіктердің қанша түрі өседі?
7. «Қазақстанның Қызыл кітабына» нелер енген?
8. Қазір саябақта неше қорықшы бекеті мен туристік бағыт жұмыс істейді?

## ЖАЗЫЛЫМ

### 6-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып, сөйлемді көшіріп жаз.

**Қажетті сөздер:** қызықты-қызықты, жиі-жиі, түрлі-түрлі, газет-журналдардан, кішкентай-кішкентай, үлкен-үлкен.

«Алтынемел» — Қазақстандағы ең үлкен табиғи саябақ. Мұнда саяхатшылар ... келеді. Саябақта тарихи ескерткіш көп. ... тастарда салынған ... суреттерді көресің. Мен ... «Алтынемел» туралы ... әңгімелерді көп оқыдым.

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Ғаламтордан «Алтынемелдің» суретін тап. Мәтінге сүйене отырып, суреттегі көріністі сипатта.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Үлгі бойынша жіктеу есімдіктерінің орындарын алмастырып жаз.

**Үлгі:** Мен саябақта жүрмін. (Сіз). Мен емес, сіз саябақта жүрсіз.

Мен «Алтынемел» саябағына бардым. (Сен).

Ол саябақты аралады. (Біз).

Олар саябақтағы Шоқан Уәлихановтың мұражайына барды. (Сендер).

Сіз тастағы жазуларды көрдіңіз. (Ол).

Мен сусыған ыстық құмдардың үстімен жүрдім. (Сіздер).

Сендер саябақтан неше түрлі аң-құсты көрдіңдер. (Олар).

## АЙТЫЛЫМ

### 9-тапсырма. Мәтінді пайдаланып, досыңмен диалог құр.

- ... , сен «Алтынемел» ұлттық саябағы туралы не білдің?
- «Алтынемел» саябағы 1996 жылы ашылған екен.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш. Жасырынған сөзді септеп жаз.



,  
Л

Атау септігі ...  
Ілік септігі  
Барыс септігі  
Табыс септігі  
Жатыс септігі  
Шығыс септігі  
Көмектес септігі

### МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ


### 11-тапсырма. Тиісті жалғауды қосып, сөйлем құраңдар.

«Алтынемел» ұлттық табиғи саябағ (-ы, -і) Алматы облыс (-ы, -і) Кербұлақ ауданы (-ның, -дың, -тың) аумағында Іле өзенінің солтүстігі (-нда, -нде) орналасқан. Ұлттық саябақ 1996 жылы ашылған. Аудан (-ымыз, -сы, -ы) — 460 мың гектар.

«Алтынемел» ұлттық табиғи саябағы (-нда, -нде) 1800 (-ге, -ке) жуық өсімдік (-тің, -дің) түрі бар. Саябақ (-та, -да, -те) 17 қорықшы бекет (-і, -ы) жұмыс істейді.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 12-тапсырма. Суреттерге қарап, «Алтынемел» ұлттық саябағы туралы мәтін құра.





*Тірек сөздер:* саяхатшылар, қорықтың таңбасы, қорықтың картасы, «Әнші құм».

## АЙТЫЛЫМ

**13-тапсырма.** Жағдаят: сен досыңмен «Алтынемелге» саяхаттап келдің. Досың бұл жерді жақсы біледі. Одан өзіңе қажет мәліметті сұра. Ол түсіндірсін. Диалогте қос сөздерді қолданыңдар.

### КЕЛ, ЖАТТЫҒАЙЫҚ!

Тамыр тартқан тереңнен,  
Тарихы бай ежелден.  
Байтақ елде осындай  
Өмір сүріп келем мен.

### ЕСТЕ САҚТА!

Саябақтың көлемі үлкен. Ол құрып бара  
жатқан жануарлар мен өсімдіктерді  
қорғау, молайту мақсатында  
ұйымдастырылған.

Онда өзен, бұлақтар бар. Табиғатты  
қорғау — әр адамның парызы.

# Шарын шатқалын көргің бе?

5-6-  
сабақтар

## ЖАҢА СӨЗДЕР

*шатқал, құмдауытты, жар, өсіп-дамуда*

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАЗЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Қазақстандағы өзің білетін жер-су атауларын жаз.

Қалалар: ..... Өзендер: .....  
Таулар: ..... Қорықтар: .....  
Көлдер: .....

## АЙТЫЛЫМ

**2-тапсырма.** Төмендегі сөздерді қолданып, суреттегі табиғаттың сұлулығы туралы әңгімеле.

- табиғат, гүлдер
- өзен, жеміс-жидек
- жыл мезгілі
- керемет көрініс
- ғажайып
- бау-бақшада
- таудан
- өлең-жыр
- сарқырап аққан
- өскен
- жырлаған





## ТЫҢДАЛЫМ

**3-тапсырма.** Мәтінді тыңдаңдар. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар. Тірек сөздерді пайдаланып, жауап беріңдер.

*Тірек сөздер:* тоғай, шетен, бұрын, пайда болу, көне, ескерткіш.

## АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Осы шақтың түрлерін анықта.

Біз Шарын шатқалына бара жатырмыз. Мен көліктің терезесінен табиғаттың сұлулығын тамашалап отырмын. Көлік тез жүреді. Шатқалға келіп қалдық.

## ТЫҢДАЛЫМ ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**5-тапсырма.** Мәтінді тыңдап, рөлге бөліп оқыңдар.

- Балалар, сыныппен «Шарын» ұлттық саябағына барамыз.
- Алақай! Ол — менің арманым!
- Шарын шатқалында кім болды?
- Мен болдым. Маған қызғылт қамалдар ұнады. Олар бірде арыстанға, бірде құз-жартастарға, бірде мұнаралар тізбегіне ұқсайды.
- Мен ол туралы ғаламтордан оқыдым. Шарын шатқалы — экзотикалық мекен. Құмдауытты жардың биіктігі 100-150 метрден 300 метрге дейін жетеді екен. Қызғылт қамалдарды екіге жарып, Шарын өзені ағады.
- Осындай ғажайып табиғат көрінісі басқа қай жерде бар?
- Америка вестерндерінде көрсетеді ғой, Колорадо штатында ма?
- Дұрыс, Шарын Солтүстік Америкадағы Колорадо шатқалдарына ұқсайды. Ұлттық саябақ Алматыдан 200 шақырым жерде. Ол 2004 жылы ашылды. Содан бері туризм өсіп-дамуда.

## АЙТЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Осы шақтың түрлерін анықта. Осы шақта тұрғанын дәлелде.

Біз Шарын шатқалында жүрміз. Құмдауытты жарларға қызығып, таңырқап қараймыз. Мұғалім тастақ жерде қауіпсіздік ережесін сақтауымызды қадағалап жүр. Мен ережені қатаң сақтаймын. Жолда Шетен тоғайын аралаймыз.

## АЙТЫЛЫМ

### 7-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, 3-4 сөйлем құра.

**Тірек сөздер:** ұлттық саябақ, шатқал, керемет, құмдауытты, жар, туризм, өсіп-дамуда.

## ЖАЗЫЛЫМ

### 8-тапсырма. Берілген етістіктерді үлгі бойынша жікте. Сөйлемдер құра.

Үлгі:

*Мен ашайын*

*Сен аш*

*Сіз ашыңыз*

*Ол ашсын*

*Біз ашайық*

*Сендер ашыңдар*

*Сіздер ашыңыздар*

*Олар ашсын*

**Ашу, ұйымдастыру, оқу, тамашалау.**

## ЖАЗЫЛЫМ

### МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

### 9-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді таңдап, жаз.

Көктемгі демалыста «Шарын» ұлттық саябағына ... (бұйрықпен, өтінішпен, жолдамамен) барамыз. Маған қызғылт ... (үйлер, қамалдар, тастар) ұнады. Шарын шатқалы — экзотикалық, табиғи көріністері ... (шырайлы, ашық, қызық) мекеннің бірі. .... (жаңбырлы, құмдауытты, жалтыр) жардың биіктігі 300 метрге дейін жетеді.

Шарын Солтүстік Америкадағы Колорадо ... (шатқалдарына, жартастарына, қамалдарына) ұқсайды. Қызғылт ... (көшелерді, қамалдарды, іргелерді) екіге жарып, Шарын өзені ағады. «Шарын» ұлттық саябағында мемлекеттік ... (меншікке, иелікке, қорғауға) алынған Шетен тоғайы бар.

## АЙТЫЛЫМ

### 10-тапсырма. Суретке қарап, «Шарын шатқалына бардым» деген тақырыпта әңгімелесіңдер.



#### ЕСТЕ САҚТА!

«Шарын» ұлттық паркі.  
Шарын өзені ағып жатыр.  
Шарын шатқалы қызғылт қамалдар секілді. Ол құмдауытты жардан тұрады.  
Саябақта туризм өсіп-дамуда.

# Өтебай Тұрманжанов «Қарлығаш» өлеңі

7-8-  
сабақтар

## МӘТІНАЛДЫ ЖҰМЫС

## ЖАҢА СӨЗДЕР

өрмелейді, шарасыздан,  
Дәуіт, тап береді, сылқ етеді,  
күзетеді

## АЙТЫЛЫМ

### 1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Суретте қай құс бейнеленген?
2. Қарлығаш жыл құсына жата ма?
3. Ол қай жерге ұя салады?
4. Сен қарлығаштың ұясын көрдің бе?
5. Қарлығаш туралы аңыз, әңгіме, ертегі білесің бе?



## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

### 2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап бер.

Өтебай Тұрманжанов Оңтүстік Қазақстан облысының Жалғызғаш ауылында туған. Бала кезінде жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленген. Мәскеудегі университетте оқып, білім алған. Ол балаларға арнап көптеген шығармалар жазған. Л. Н. Толстойдың балаларға арналған шығармаларын аударған. Ө. Тұрманжанов шығармаларының тақырыбы әртүрлі. Балаларға арнап жазған шығармаларының бірі — «Қарлығаш» өлеңі.

- Ө. Тұрманжанов қай жылы, қай жерде туған?
- Ақын қайда тәрбиеленіп, білім алған?
- Ол кімнің шығармасын қазақ тіліне аударған?



(1905-1978)

## ОҚЫЛЫМ

## МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

**3-тапсырма.** Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Қою қаріппен жазылған сөздердің мағынасын анықтаңдар.

### Қарлығаш

Қарлығаш биік жардың басына ұя салады:

Қарлығаш қарманып жүр ұя салып,  
Биікке Жылан жетпес қия салып,  
Сазынан саздау жердің балшық илеп,  
Өзінше кірпіш етіп құя салып.

Бір күні Қарлығаштың ұясына Жылан **өрмелейді**. Мұны көрген Қарлығаш шырылдап, көмек іздейді.

Қарлығаш: «Көкек, маған көмек берші, балапандарымды Жылан жейін деп жатыр!» — дейді.

— Бүркіт қонаққа шақырып еді, уақытым жоқ, — дейді Көкек.

Қарлығаш Қарғаға келеді:

— Қарғажан, маған көмек берші. Балапандарымды Жылан жейін деп жатыр, — дейді жылап.

Қарға Қарлығашқа қарамастан:

— Үйленейін деп жатырмын, мазамды алма! — дейді.

Қарлығаш **шарасыздан Дәуітке** келеді:

— Улы Жылан балапандарымды жейін деп, ұяма өрмелеп барады.

— Олай болса, мені тезірек жеткіз, — дейді Дәуіт.

Қарлығаш қанатына отырғызады. Олар көзді ашып-жұмғанша ұяға жетіп келеді.

Дәуіт ұяға жақындаған Жыланға **тап береді**. Жыланның көзін шұқып алады. Жылан **сылқ етіп** жерге құлайды.

Дәуіттің ерлігіне сүйсінген Қарлығаш онымен айнымас дос болады.

Содан бері Қарлығаш пен Дәуіт бір ұяда тұрып, бірге өмір сүретін болған екен.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**4-тапсырма.** Өлең үзіндісін оқы. Сұрақтарға жауап бер.

1. Ақын Қарлығаштың ұясын қандай сөздермен сипаттайды?
2. Қарлығаштың неше балапаны бар?

Ұясы дөп-дөңгелек тостағандай,  
Тап-таза, кіршік қиқым қоспағандай.  
Бөленіп ақ бесікке алты бала,  
Ұйқыдан әлі көзін ашпағандай.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**5-тапсырма.** Үзіндіні оқы. Көктем келгенде табиғат қалай өзгергенін айтып бер.

Келген соң көктем айы: апрель, май,  
Бөленді гүл жібекке сала мен сай,  
Шелектеп нөсер төгіп, жаңбыр жауып...  
Жасырынды өскен нуға тана мен тай.  
Қызғалдақ қызыл арай қырмызы бел,  
Салқын тау, саялы көл, самалды жел.

## АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**6-тапсырма.** Өлеңді оқы. Үй жануарлары мен жәндіктің әрекетін тауып жаз.

**Қажет сөздер:** қоздап, лақтап, туып, кірісіпті, қонып, тартып.

Қой (*қайтіп?*), ешкі (*қайтіп?*), сиыр (*қайтіп?*)

Мәз-мейрам зор мереке жаздағы ел...

Инелік, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқа,

Бәрі де (*қайтіпті?*) зор жұмысқа.

Бал-ара гүлге (*қайтті?*), балын теріп,

Өзінше әрқайсысы етіп нұсқа.

Шегіртке шырылдауық, жылан, қоңыз,

Бұлар да тамашалап (*қайтіп?*) қобыз.

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**7-тапсырма.** Үзіндіні оқып, Қарлығаштың балапандарына жемді қайдан іздейтінін айт. Етістіктің осы шағын тап.

Тоғайдан, ойдан, қырдан жем іздейді,

Жүрекке жем іздеумен ем іздейді.

Шырқырап құс та болса баласы үшін,

«Шөлдедім, қарным ашты!» — дегізбейді.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ


**8-тапсырма.** Үзіндіні оқып, жазда не болатынын жаз.

Жазда ғана салады гүл де дәнін,

Жазда ғана жинайды ара дәмін.

Жазда туып өсірер бар жәндіктер

Өзінің балдай сүйген балапанын...



## АЙТЫЛЫМ

## МӘТІНСОҒЫ ЖҰМЫС

**9-тапсырма.** Үзіндіден Қарлығаштың Жыланды көріп, шарасыздан шырылдағанын сипаттайтын сөздерді тап.

Жыланды түсі суық танып тұрды,  
Көзінен мөлт-мөлт жасы тамып тұрды.  
Анаға «бала» деген қандай қымбат?!  
Жүрегі аласұрып, жанып тұрды.

## ОҒЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

**10-тапсырма.** Қарлығаш пен Жыланды салыстырып, сипатта. Сипаттау үшін қолданылған сөздерге сұрақ қой. Олардың қай сөз табына жататынын анықта.



## АЙТЫЛЫМ

**11-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Бір күні Қарлығаш ненің ұяға жақындап қалғанын көреді?
2. Қарлығаш жәрдемге кімдерді шақырды?
3. Дәуіт Жыланға не істеді?
4. Қарлығаш пен Дәуіттің бірлескен әрекетін қалай бағалауға болады?
5. Олар Жыланды қалай жеңді?
6. Бұдан қандай қорытынды жасауға болады?

# Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?

9-10  
сабақтар

## ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**1-тапсырма.** Мәтінді оқы. Төменде көрсетілген жұмыстарды орында.

«Ақсу-Жабағылы», «Алтынемел» қорықтары мемлекет қамқорлығында. Қорықтарда алуан түрлі жануарлар, құстар, жәндіктер мекен етеді. Онда жоғалып, құрып бара жатқан немесе сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер өсіп-өнуде. Қорықтардың қарасаң көз тоймайтын ландшафтылары өте көркем. Мұнда биік шыңды мұздар, қарлар, терең құздар мен жарлар да бар. Онда шөлейттер, ылғалды жазықтар, ну ормандар да бар.

«Ақсу Жабағылы» — Қазақстанның ең көне қорығы. Ол — «Орталық Азиядағы ЮНЕСКО биосфера қорығы» дәрежесін алған ең алғашқы қорық.

1. Мәтінді оқып, «Қорық құруда қандай мақсат бар?» деген сұраққа жауап жаз.

2. Жан-жануарларды, құстарды, өсімдіктерді, жәндіктерді қорғау не үшін қажет? Жауаптардың дұрыс нұсқасын тап.

- а) кейін өз пайдаларына жарату үшін;
- ә) бірегей табиғи экожүйелердің тұрақтылығын сақтау үшін;
- б) жарыстарға қатысып, жүлделі орындар алу үшін;
- в) табиғат байлығын болашақ ұрпаққа жеткізу үшін.

3. Екі қорықтың өзіне тән ерекшелігін айт. Алдыңғы сабақтарда оқыған ақпараттарды еске түсір.

**2-тапсырма.** Топтық жұмыс. Шарын шатқалы, «Ақсу-Жабағылы» қорығы, «Алтынемел» ұлттық табиғи саябағы туралы постер жасап, тұсаукесер дайындаңдар. Сыныпта баяндаңдар.

## ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**3-тапсырма.** Ө. Тұрманжановтың «Қарлығаш» атты ертегісін етістіктің осы шағымен баянда.

*Үлгі: Қарлығаш балаларына үя салып жатыр.*

## 1. ОТАҢ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

бір-біріне — друг-другу  
ағайын — братья, родня  
туыс — родственник  
отбасылық — семейный (-ая; -ое; -ые)  
береке — благо, изобилие

еркелеу — баловаться, ласкаться  
тәрбиелеу — воспитывать  
жауапкершілік — ответственность  
намыс — честь  
шыда — терпи

нағашы — родственник по линии матери (дядя, тетя)  
сезімтал — чувствительный (-ая; -ое; -ые)  
пікірлес — единомышленник, рассуждай  
өнеге — пример, образец  
тіле — пожелай  
қатал — строгий (-ая; -ое; -ие)  
қолда — поддержи  
түсін — пойми  
үйрет — научи  
өзімшіл — самовлюбленный; эгоист  
ескер — обрати внимание; учти

басталу — начало; начинание  
аяқталу — завершиться; заканчиваться  
шәкірт — ученик

асық — асық, казахская национальная игра  
қайт — возвращайся, вернись  
түс — спускайся

## 2. ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ АУЫЛЫ МЕН ҚАЛАНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІ

жерұйық — земля обетованная  
кіндік қаны тамған жер — родная земля  
ұшқан ұя — родное гнездо  
қора — сарай, двор  
жидек — ягоды  
балқаймақ — сметана  
жент — национальное блюдо, готовится из сушеного, размельченного  
творога с сахаром  
бақташы — пастух

атқа міну — сесть на лошадь  
қонақжай — гостеприимный (-ая; -ое; -ые)  
күні-түні — днём и ночью  
Қандай керемет! — Как прекрасно, великолепно!

бұйратты — холмистая местность  
қыр — здесь: берег  
киелі — святой (-ая, ое; ые)  
өнегелі — примерный; воспитанный (-ая, ое; ые)  
әлем — мир  
тынық — безветренный, тихий (-ая; -ое; -ие)

ұрысу — ругаться  
тепкілеу — пинать  
шұжық — домашняя колбаса  
шындық — правда  
арам — бесчестный; злонамеренный (-ая; -ое; -ые)  
мықты — сильный (-ая; -ое; -ые); крепкий (-ая; -ое; -ие)  
мінеу — придирааться; критиковать  
керкілдесті, керісті — ругались, спорили  
жүгіну — кланяться

кептеліс — транспортные пробки  
шулы — шумный (-ая; -ое; -ые)  
қарбалас — суматоха, суета  
қалалық — житель города  
қиын — трудный (-ая; -ое; -ые)  
қыш — кирпич из глины  
там — арх. дом  
ауылдық — сельский (-ая; -ое; -ие)

жекежай — особняк, коттедж  
кеңесу — вести разговор; беседовать; советоваться  
аспанмен таласқан — высотный (-ая; -ое; -ые), очень высокий (-ая, ое; ие)  
жатынбөлме — спальня  
айқара ашу — распахнуть

### 3. ТАУЛАР СЫРЫ

шоқылы — холмистый (-ая; -ое; -ые)  
орташа — средний (-ая; -ее; -ие)  
жота — хребет  
биіктік — высота  
тастақ — каменные  
нүкте — точка

өрлеу — возвышаться, подниматься вверх

көтерілу — подниматься  
тік — прямо  
мұздық — ледник  
қарлы — снежный (-ая; -ое; -ые)  
асқар — высокий (-ая; -ое; -ие), величавый (-ая; -ое; -ые)  
тілдескен — соприкасающийся, пронзают  
түнеу — ночевать  
етегінде — у подножья  
тұнып тұр — видимо невидимо  
шіркін — возглас восхищения, удивления

аңыз — легенда  
арқасына арту — взвалить на спин, взять на себя  
жаңбыр — дождь  
қуаңшылық, құрғақшылық — засуха  
сүріну — споткнуться  
абайсызда — случайно  
гүрілдеп — громыхающий (-ая; -ее; -ие)  
селдей — как сель  
көшкін — лавина, обвал, оползень  
белгілейді — отмечает  
үгіледі — крошится  
бұзылады — ломается

дарынды — талантливый; одаренный (-ая; -ое; -ые)  
ақиық — горный Алатауский орел (в данном случае имеется ввиду, что М. Макатаев — сын гор)  
жолығады — встречается  
арнаған — посвященный (-ая; -ое; -ые)  
толғанып — размышляя; раздумывая  
әннің тууы — создание песни  
жырлаған — воспел  
асыл сезім — благородные чувства

алып жүрек — крепкое богатырское сердце  
таулықпын — я горец  
еміп — вскормленный (-ая; -ое; -ые)  
ержету — взрослеть; возмужать  
ержеткенмін — я вырос  
қуат алып — получив энергию, силу  
жаратылғам — был создан  
бүркеніп — прикрываясь  
жай оты — огонь молнии  
бесік — колыбель  
желпиді — веет; обмахивает

үңгір — пещера  
кенді — богатые ископаемыми  
бұғы шаруашылығы — оленеводство

Жер кіндігі — центр Земли  
тоғысу — сходиться; скрещиваться

## 4. ҚУАТ КӨЗІН ҮНЕМДЕЙ БІЛЕМІЗ БЕ?

қуат көзі — источник энергии  
өндіріс — производи  
шығын — расход  
отын — дрова, топливо  
балаламалы энергетика — альтернативная энергетика

сұраным — спрос  
көмір — уголь  
өшү — потухнуть  
есептеуіш — счетчик  
тұтынушы — потребитель

жап-жарық — очень ярко  
ылғи — всегда, постоянно  
жану — гореть  
жылыту — греть  
жұмсау — потратить  
жалға — соедини  
жетеле — веди за собой  
соқ — ударь, бей  
мазмұн — содержание

күй — музыкальное произведение, жанр  
қап! — жаль; жалко; ах; междометие возглас сожаления, удивления

## 5. МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ ӨЛЕҢДЕР МЕН ПРОЗАДА

өлке — край  
самал — ветерок  
саумал — свежее кобылье молоко  
барқыт — бархат  
талап — стремление

тау бөктері — горные склоны  
әуес — увлечение  
қасиетті — святой, священный (-ая; -ое; -ые)  
етегі — подножья (горы)  
мәре-сәре — суэта  
қора — сарай, загон

## 6. АСТАНА – МӘДЕНИЕТ ПЕН ӨНЕР ОРДАСЫ. Ә. ЫСҚАҚ «КҮН ҰЛЫМЫН».

мәдени — культурный (-ая; -ое; -ые)  
отандық — отечественный (-ая; -ое; -ые)  
шетелдік — зарубежный (-ая, -ое; -ые)  
шаһар — город  
ұйымдастыру — организовать  
әкімшілік — администрация  
саяси — политический (-ая, -ое; -ие)  
жарыс — соревнование  
алақан — ладонь  
көрермен — зритель  
сәулетші — архитектор

нышан — знак, символ  
іскери — деловой (-ая, -ое; -ые)  
кезекті — очередной (-ая, -ое; -ые)  
әйгілі — известный (-ая, -ое; -ые)

қастерлі — реликвия  
рухани — духовный (-ая, -ое; -ые)  
көріктендіру — украшать  
тыныс-тіршілік — жизнь  
өнерлі — талантливый (-ая, -ое; -ые)

жасампаздық — созидание  
қақпа — ворота  
кереге — решетчатая стена юрты

сіңіру — внедрять  
тұғыр — пьедестал  
киік — косуля  
сүйеу — опора; поддерживать  
демеу — опора; поддержка  
шырқау — громко петь; распевать  
тірек — опора

үйлестіру — координировать;  
согласовывать  
бастама — начало  
жабдықтау — оборудовать  
жаға — берег  
ұзындық — длина

ежелгі және орта ғасыр тарихы —  
древняя и средневековая история  
ауыстыру — заменить  
жауынгер — воин  
жәдігер — экспонат, реликвия

## 7. ҚАЗАҚСТАН ҚОРЫҚТАРЫ

қорық — заповедник  
алуан — разносторонний; множество  
аң-құс — птицы-животные  
таутеке — горный козел  
суыр — сурок  
кесіртке — ящерица  
мекендейді — обитает  
шөлейт — полупустыня  
ну орман — густой лес

көлем — объем  
құры — исчезни  
сазан — сазан  
бұлақ — родник  
молайту — увеличивать  
құнды — ценный (-ая, -ое; -ые)  
парыз — долг

бекіре — осетр  
қамысты — камышовый (-ая, -ое; -ые)

шатқал — каньон  
құмдауыпты — песчаный (-ая, -ое; -ые)  
жар — обрыв  
өсіп-дамуда — развивается

өрмелейді — забираться, подниматься  
шарасыздан — от безысходности  
дәуіт — богомол  
тап береді — нападает  
сылқ етеді — резко падает

# Мазмұны

## 1. Отан отбасынан басталады

### М. Әуезов «Абай жолы». «Қайтқанда» тарауы (үзінді)

1-2-сабақтар. «Отбасы күнін» тойладық .....	4
3-4-сабақтар. Әке көрген оқ жонар .....	8
5-6-сабақтар. Ана көрген тон пішер .....	11
7-8-сабақтар. Ата-анамды үлгі тұтамын.....	14
9-10-сабақтар. Мұхтар Әуезов — қазақтың ұлы жазушысы.....	16
11-12-сабақтар. М. Әуезов «Абай жолы» «Қайтқанда» тарауынан үзінді.....	20
13-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	23

## 2. Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс-тіршілігі

### Ә. Дүйсенбиев «Бәтеңке, Шұжық, Балқаймақ» өлеңі

1-2-сабақтар. Ауылым — алтын бесігім .....	24
3-4-сабақтар. Жайлаудың ауасы таза .....	27
5-6-сабақтар. Менің үйім таудың етегінде .....	30
7-8-сабақтар. Кім пайдалы? Кім мықты? .....	33
9-10-сабақтар. Қаланың қызу өмірі .....	36
11-12-сабақтар. Менің қаладағы болашақ пәтерім .....	39
13-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	43

## 3. Таулар сыры М. Мақатаев «Мен таулықпын»

1-2-сабақтар. Қазақстандағы қандай тауларды білесің?.....	45
3-4-сабақтар. Тауда түнедік.....	50
5-6-сабақтар. Толағай тауының тарихын айтшы .....	54
7-8-сабақтар. М. Мақатаев — ақиық ақын.....	57
9-10-сабақтар. М. Мақатаев «Мен таулықпын».....	60
11-12-сабақтар. Мұзтауға бардың ба?.....	63
13-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	66

## 4. Қуат көзін үнемдей білеміз бе?

### М. Жұмабаев «От» өлеңі (үзінді)

1-2-сабақтар. Қуат көзіне не жатады?.....	68
3-4-сабақтар. Электр энергиясын үнемдейміз .....	73
5-6-сабақтар. Жел энергетикасы.....	77
7-8-сабақтар. Мағжан Жұмабаев — қазақтың ұлы ақыны.....	81
9-10-сабақтар. Күннен келген адам .....	85
11-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	88

## 5. Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада

1-2-сабақтар. Туған өлкені жырлаймыз.....	90
3-4-сабақтар. Туған жердің төсінде.....	94
5-сабақ. Нәтиже-сабақ. Мен не білдім? .....	97

## 6. Астана — мәдениет пен өнер ордасы.

### Ә. Ысқақ «Күн ұлымын»

1-2-сабақтар. Астана — елімнің мақтанышы.....	99
3-4-сабақтар. Біздің төріміз — Ақорда.....	103
5-6-сабақтар. «Мәңгілік ел» ескерткіші нені бейнелейді? .....	106
7-8-сабақтар. Ә. Ысқақ «Күн ұлымын».....	110
9-10-сабақтар. «Астана Опера» Мемлекеттік опера және балет театры ....	113
11-12-сабақтар. Ұлттық музейге бардың ба?.....	116
13-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? .....	119

## 7. Қазақстан қорықтары

### Ө. Тұрманжанов «Қарлығаш, Дәуіт, Жылан»

1-2-сабақтар. Ең алғашқы қорықты білесің бе?.....	121
3-4-сабақтар. «Алтынемел» ұлттық саябағының кереметі .....	124
5-6-сабақтар. Шарын шатқалын көрдің бе? .....	129
7-8-сабақтар. Өтебай Тұрманжанов «Қарлығаш» өлеңі.....	132
9-10-сабақтар. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	136

## Электрондық оқулық



Оқу басылымы

Учебное издание

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова,  
А. Қ. Рауандина, Р. С. Рахметова, А. Н. Юсуп

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Даулетбекова,  
А. К. Рауандина, Р. С. Рахметова, А. Н. Юсуп

Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек.  
Оқулық  
1-бөлім

Қазақ тілі мен әдебиеті. Бәйшешек.  
Учебник  
Часть 1

Қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын  
11 жылдық жалпы білім беретін мектептің  
6-сыныбына арналған

Для 6 класса  
11-летней общеобразовательной школы  
с неказахским языком обучения

Әдіскер: Б. Қ. Мүкеева  
Редакторлары: М. А. Рысқұлов, О. С. Жұбаева  
Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова,  
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,  
Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина  
Фотосуретші: П. Михеев  
Мұқабә әрленімі: Д. Н. Буксикова  
Техникалық редактор: Д. К. Тынбаев  
Беттеуші: С. Қыдырбай

Методист: Б. К. Мукеева  
Редакторы: М. А. Рыскулов, О. С. Жубаева  
Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова,  
М. Дильманов, В. Самаркина, И. Киянова,  
Е. Рагозина, М. Мирошников, В. Самаркина  
Фотограф: П. Михеев  
Дизайн обложки: Д. Н. Буксикова  
Технический редактор: Д. К. Тынбаев  
Компьютерная верстка: С. Кыдырбай

17.09.20. басылымға жіберілді. Пішімі:  
70×100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі.  
Офсетті қағаз. Шартты баспа табағы 14.5  
Таралымы: ...  
«Реформа» ЖШС-нде басылған.

Подписано в печать 17.09.20. Формат  
70×100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Печать офсетная. Гарнитура  
«DIN». Бумага офсетная. Усл. печ. л. 14.5  
Тираж: ...  
Отпечатано ТОО «Реформа»

«Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 050022,  
Алматы қ., Сейфуллин даңғылы, 597 А үй  
тел. +7 (727) 220 76 60  
www.kokziek-gorizont.com

ТОО «Көкжиек-Горизонт», 050022,  
г. Алматы, проспект Сейфуллина, дом 597 А  
тел. +7 (727) 220 76 60  
www.kokziek-gorizont.com